

ЖАСЫЛ ОРАҚ



4-бет

ШАБЫНДЫҚТА ЖҰМЫС ҚАУЫРТ

Көпшіліктің қазір уақыт қысқарған деген сөзінің жаны бар секілді. Жарқыраған жаздың екі айы зырылдап өте шықты. Ауылдағы шаруа баққан жандар қыстық мал азығын дайындауға қарқын үстеді.

ДАУ-ДАМАЙ



5-бет

БҰЙЫРМАҒАН БАСПАНА: КОМПАНИЯ УӘДЕСІНЕН НЕГЕ АЙНЫДЫ?..

Оралда үй аламыз деп ақша салған тұрғындар баспана да ала алмай, қаражатын да қайтара алмай жүр. Бір топ азамат қалалық прокуратураға жолыққан соң, БАҚ өкілдеріне жанайқайын жайып салды.

АРЫЗ-ШАҒЫМ



12-13-бет

«ОТАДАН КЕЙІН БАЛАМ ОҢАЛМАЙ ТҰР...»

Облыстық «Орал өңірі» газетінің редакциясына Жәнібек ауданындағы Ұзынкөл ауылының тұрғыны Райымбек Сабырғалиев келіп, 15 жастағы ұлы Бақыттың ота жасалғаннан кейінгі жағдайы ауыр екенін айтып шағымданды.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

Газет 1917 жылдың 28 шілдесінен бастап шығып келеді. 1968 жылы "Құрмет Белгісі" орденімен марапатталған

www.zhaikpress.kz

oral_oniri@inbox.ru



www.facebook.com/zhaikpress

twitter.com/zhaikpress

www.instagram.com/zhaikpress



JAIYQ PRESS

ORAL ÓÑİRİ

№64⁽²¹⁵⁶¹⁾

Жұма,

7 тамыз 2026 жыл



9 тамыз – Құрылысшылар күні

7



Батыстың барысы анықталды

Оралдағы «Жайық арена» спорт кешенінде өткен «Қазақстан Барысы» республикалық турнирінің облыстық іріктеу кезеңі мәресіне жетті. Ұлттық спорттың мерейін үстем еткен дүбірлі додада өңірдің 12 ауданы мен Орал қаласынан келген 23 апайтөс палуан бозкілемге шықты.

Жайық жұртының делебесін қоздырған күресте палуандар тек күш сынасып қана қоймай, қайсарлықтың, табандылықтың және жеңіске деген жігердің қандай болатынын көрсетті. Әр белде-

су – нағыз намыс шайқасы, әр жеңіс – маңдай тер жемісі болғаны анық.

Бірінен-бірі өткен мықтылар жиналған додада финалдық белдесу де аса тартысты өтті. Шешуші сында Ақжайық ауданының балуаны Эльнар Жанболатұлы мен Сырым ауданының барысы Мерей Бердіғали кездесті. Осы белдесуге дейінгі тартысты текетірісте қарсыластарын алып ұрған Эльнар «Жайық барысы» атанды. Осылайша ол өткен жылғы өкініштің орнын толтырып, көптен күткен жеңіске қол жеткізді.

Турнир қорытындысы:

I орын – Эльнар Жанболатұлы (Ақжайық ауданы);

II орын – Мерей Бердіғали (Сырым ауданы);

III орын – Нұрымжан Ғаббасов (Орал қаласы).

Финалдық белдесуден кейін өз әсерін бөліскен Эльнар Жанболатұлы жүлде-жолдаманың өзі үшін ерекше маңызға ие екенін айтты.

– Былтыр межеленген мақсатым орындалмай, көңілімде өкініш қалған еді. Биыл сол кеткен есені қайтарып, чемпион атанғанымға қуаныштымын. Бұл – тек менің ғана емес, мені әрдайым қолдап жүрген бапкерлерімнің, отбасымның, жанкүйерлерімнің және Ақжайық ауданының жеңісі. Маған сенім артқан барша жанға шынайы алғыс білдіремін. Енді облыс намы-



сын республикалық кезеңде лайықты қорғауға тырысамын, – деді балуан.

Облыстық іріктеу кезеңінің жеңімпазы Эльнар Жанболатұлы мен күміс жүлде-

гер атанған Мерей Бердіғали «Қазақстан Барысы» республикалық турнирінде сынға түседі.

Түгелбай БИСЕН,
«Орал өңірі»

БҚО спорт басқармасының баспасөз қызметі



Орал әуежайын жаңғырту жалғасады

Орал халықаралық әуежайында ҚР Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев әуежай басшысы Дамир Самигуллинмен кездесіп, әуежайды жаңғырту және инфрақұрылымды дамыту мәселелерін талқылады.

Отырысқа ҚР Көлік министрлігі, облыс әкімдігі, авиация саласы мен бейінді ұйымдардың өкілдері қатысты. Кездесуде өңірдің авиациялық инфрақұрылымын дамытатын негізгі жобалардың іске асырылу жолдары қарастырылды.

Орал халықаралық әуежайы баспасөз қызметінің мәліметінше, талқылау қорытындысында ұшу-қону жолағын жөндеу, әуежайдың төңірек қоршауын реконструкциялау, арнайы техника паркін жаңарту, аэронавигациялық жүйелер мен жанармай инфрақұрылымын

дамыту, сондай-ақ жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға бағытталған нақты тапсырмалар белгіленді. Сондай-ақ халықаралық бағыттарды кеңейту, көршілес қалалармен әуе қатынасын қайта жандандыру, шағын авиацияны дамыту және жаңа инвестициялық жобаларды іске асыруға басымдық берілді. Көлік министрі жауапты ұйымдарға бекітілген жұмыс кестесінің сақталуын, жоспарланған іс-шараларды мерзімінде аяқтауды тапсырды. Жобалардың орындалуы ҚР Көлік министрлігінің үнемі бақылауында болмақ.



Қоғамдық келісімнің маңызды тетігі

Қазіргі таңда қоғамдағы дау-дамайды бейбіт жолмен шешудің маңызы артып келеді. Осындай тиімді тетіктердің бірі – медиация. Ол азаматтардың өзара келісімге келуіне ықпал етіп, қоғамдық келісімді нығайтады. Осы орайда 4-5 тамыз күндері Достық үйінде облыс әкімдігінің қоғамдық даму басқармасына қарасты «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен «Медиация институтын дамыту» тақырыбында семинар-тренинг өтті.



Екі күндік семинарға мемлекеттік және құқық қорғау құрылымдарының өкілдері, азаматтық қоғам институттарының мүшелері, өңірлік медиация кеңесінің өкілдері, қоғамдық құрылымдар, кәсіби және қоғамдық медиаторлар қатысты. Семинардың басты ерекшелігі – қатысушылардың дәріс тыңдаумен шектелмей, пікір алмасып, нақты жағдайларды талдап, тәжірибе бөлісуіне мүмкіндік жасалуы. Іс-шара интерактивті диалог, ашық пікірталас, тәжірибе алмасу және кейстерді талқылау сипатында ұйымдастырылды. Семинарды «Қоғамдық келісім» КММ басшысы Нұрғали Жолдасқалиев ашып, медиацияның қоғамдағы орны мен маңызына тоқталды. Оның айтуынша, көп жағдайда тараптарды өзара түсіністікке жеткізу үшін бейтарап медиатордың көмегі жеткілікті.

– Ел бірлігі мен келісімін нығайту – уақыт талабы. Адамзат баласы үшін бейбітшілік пен өзара түсіністіктен асқан құндылық жоқ. Осы орайда 4-5 тамыз күндері этносаралық саладағы медиация тақырыбында өткен семинар-тренинг қоғамдық келісімді сақтау мен даулардың алдын алу мәдениетін қалыптастырудағы маңызды қадам болды. Іс-шараның екінші күні, тәуелсіздік шежіресінде ерекше орны бар – 5 тамыз Медиация күнімен тұспа-тұс келуінің өзіндік терең мәні бар. Бабаларымыздан қалған «Бітімге келу – бірліктің бастауы» деген даналық сөз бүгінгі заманауи медиация институтының басты қағидасына айналып отыр. Татулықты ту еткен іс-шара аясында қатысушылар этносаралық қатысымды реттеу, келіссөз жүргізу дағдылары мен ниеттестік ортасын құрудың тиімді тәсілдерін меңгерді.

Бұл семинар-тренинг тек тәжірибе алмасу алаңы ғана емес, елдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға бағытталған ортақ істің жарқын көрінісі болды. Медиация – тек заңды құрал емес, бұл – адамдар арасындағы сенім көпірі. Өңіріміздегі этносаралық татулық пен ауызбіршілікті сақтау жолында мұндай бастамалар алдағы уақытта да өз жалғасын таба береді, – деді облыстық «Қоғамдық келісім» КММ медиаторы Жиенбай Мирамбаев.

Алғашқы күні ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының Ақмола облысы бойынша филиалының директоры, медиатор-тренер Әсет Абжақов мемлекеттік этносаясатты іске асырудың жаһандық және өңірлік тәжірибесіне тоқталды. Ол әртүрлі этностар мен әлеуметтік топтар арасында-

ғы өзара қарым-қатынасты үйлестіру, қоғамдық тұрақтылықты сақтау және ықтимал жанжалдардың алдын алу мәселелерін жан-жақты талдады. Сондай-ақ семинарда Қазақстандағы этносаралық ахуалдың 2025 жылғы мониторингтің нәтижелері қарастырылып, демографиялық үрдістердің қоғамдағы өзгерістерге ықпалы сөз болды. Түстен кейін ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясы жиынтықталдау бөлімінің меңгерушісі Дастан Көшербаев қазіргі қоғамдағы коммуникацияның маңызы туралы баяндама жасады.

Екінші күні теориялық білім практикалық тапсырмалармен ұштастырылды. Тренер Әсет Абжақов жанжалдың даму және өршу кезеңдерін түсіндіріп, оның бір күнде пайда болмайтынын

атап өтті. Оның айтуынша, кез келген қақтығыстың алдында әлеуметтік наразылық, түсініспеушілік, ақпараттың дұрыс жеткізілмеуі немесе тараптардың бір-бірін тыңдамауы секілді себептер жинақталады. Дастан Көшербаев қоғаммен тиімді коммуникация орнату және репутацияны қалыптастыру мәселелеріне тоқталып, қазіргі ақпараттық кеңістікте кез келген ұйымның беделі оның атқарған жұмысымен қатар қоғаммен қаншалықты ашық әрі сауатты байланыс орната алуына да байланысты екенін айтты.

Екі күнге созылған семинарда медиация институтының қазіргі қоғамдағы рөлі жан-жақты талқыланды. Қорытынды жиында Нұрғали Жолдасқалиев сала мамандарын медиация күнімен құттықтап, медиацияның қоғамдағы татулық пен өзара түсіністікті нығайтудағы ерекше рөлін атап өтті. Іс-шара соңында мамандар алғысхатпен марапатталды.

Семинар қатысушылары үшін бұл басқосу тәжірибе алмасумен қатар, күнделікті кәсіби қызметте қажет болатын практикалық дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік берді.

Мәди САЛЫҚ

Бет материалдарын дайындаған Гүлфия ҚОЛҒАНАТОВА,
«Орал өңірі»



Ауыл – ұлттың алтын бесігі. Елді мекендердің еңсесін көтеру, шекаралық ауылдардың тынысын кеңейту, халық санын арттыру – бүгінгі мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Осы мақсатта өңірде қолға алынған «Қаладан – ауылға» пилоттық жобасы өңір тұрғындарының қызығушылығын тудырып, нақты нәтижесін көрсетуде.



Ауылға қадам ел іргесін нығайтады



Бұл бастама ауылдардың демографиялық әлеуетін арттыруға, тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға, ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлікті дамытуға және оқушы саны азайып бара жатқан білім беру ұйымдарын сақтап қалуға бағытталған. Казталов ауданында жобаны іске асыру үшін арнайы жұмыс тобы құрылып, қоныс аударушыларды тұрғын үймен және жұмыспен қамту бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Осы игі бастаманың тағы бір жарқын көрінісі Сарықұдық ауылында өтті. Мұнда Қарасу, Сарықұдық және Оразғали ауылдарына қоныс аударған 4 отбасыға, 2 пәтерлі 8 тұрғын үйдің кілті салтанатты түрде табысталды.

Салтанатты іс-шараға аудан әкімі Асланбек Сарқұлов, облыстық стратегия және экономикалық даму басқармасының басшысы Бибігүл Қонысбаева, облыстық мәслихат депутаты Самат Хасанов және аудандық мәслихат төрағасы Сәрсенбай Молдашев қатысты.

Жиында сөз сөйлеген аудан әкімі мемлекет тарапынан ауылдарды дамытуға бағытталған іс-шаралар жалғасатынын атап өтті. Оның айтуынша, ауылдың болашағы еңбекқор адамдармен, жас отбасылармен тығыз байланысты. Сондықтан қоныс аударушыларды қолдау, оларды баспанамен және жұмыспен қамтамасыз ету аудан үшін маңызды міндеттердің бірі.

– Баршаңызға жаңа шаңырақтарыңызға құт-береке, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін. Қоныстарыңыз құтты, керегелеріңіз кең, шаңырақтарыңыз биік болсын! – деді аудан әкімі. Ал облыстық стратегия және экономикалық даму басқармасының басшысы Бибігүл Қонысбаева бұл жобаның шекаралық ауылдардың дамуына тың серпін беріп отырғанын атап өтті. Өңір басшылығы тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау алдағы уақытта да жалғасатынын жеткізді. Жаңа қоныс иелері де қуаныштарын бөлісіп, мемлекет тарапынан жасалған қамқорлыққа ризашылықтарын білдірді. Олар ауыл-

да еңбек етіп, балаларын тәрбиелеп, туған өлкенің дамуына өз үлестерін қосуға ниетті екендіктерін айтты.

Бағдарлама жүзеге асырылған үш жылдың ішінде 15 ауылға 54 отбасы, барлығы 287 адам қоныс аударды. Осы отбасылар баспанамен қамтылып, еңбекке қабілетті мүшелері тұрақты жұмысқа кіруде. Бұдан бөлек, ауыл тұрғындарының қолдауымен әрбір отбасыға бір бұзаулы сиыр мен он бас қой-ешкі беру жоспарланған. Алдағы уақытта да ауылдарымызға көшіп келуші отбасылар бойынша жұмыстар жалғасады.

Ауылдың ажарын ашып, тіршілігін жандандыратын мұндай жобалардың берері мол. «Қаладан – ауылға» бағдарламасы баспана берумен ғана шектелмей, ауылдардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттырып, елді мекендердің ертеңіне сенім ұялататын маңызды бастамаға айналып отыр. Қоныс кілтін қолына алған отбасылар үшін бұл жаңа өмірдің де бастауы.

Асылбек НӘСПҚАЛИҰЛЫ,
Казталов ауданы

Құспанкөлдің құт-берекекесі еселенгей!

Сырым ауданындағы Құспанкөл бастауыш мектебі 2026-2027 оқу жылында жұмысын негізгі мектеп ретінде жалғастырады.

Шолақаңқаты ауылдық округіндегі Құспанкөл ауылында құны 1,4 млрд теңгені құрайтын 60 орындық бір қабатты мектептің құрылысы жүруде. Ауыл тамырына қан жүгірткен жобаны қаржыландырушы – «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг б. в.» компаниялар консорциумы, мердігер – «MasterCommLogistics» ЖШС. Учаске бастығы Мирлан Төлегеновтің айтуынша, бұл күндері мектеп құрылысының 90%-ы аяқталған. Ішкі жұмыста іркіліс жоқ. Сылақшылар жедел қимылдауда.

Ғимараттың айналасына толықтай өрнектас төселді. Аулада спорт алаңы, резеңке жабынды балалар ойын алаңқайы және StreetWorkOut аймағы дайын. Мектептің спорт залының өзі – шағын кешен. Едені жабыстыр-

малы паркет емес, кәдімгі ағаш. Мектептің жиһазы мен жабдықтары да жеткізілген. Енді құрас-тырып, орналастыру ғана қалды. Ауладан музыка кабинетіне келген қобызды байқап, сүйсіндік. Сан ұлт тоғысқан Шолақаңқаты өзенінің бойынан енді қобыздың қоңыр үні шалқитын болды.

Бұған дейін Құспанкөлде бастауыш мектеп қана жұмыс істеді. Азып-тозған, асханасына адам еңкейіп кіретін ғимаратта да педагогтер еңбек етті, балалар білім алды. Ауылдың 5-9 сынып жасындағы балалары төрт шақырым жердегі В. Шубин атындағы мектепке аутобоспен қатынап оқыды.

Шолақаңқаты ауылдық округінің әкімі Ерлан Журалиев жаңа мектептің салынуына алдағы

жылдарға зерделенген бала санының оң динамикасы, сонымен бірге еңбекке құштар құспанкөлдіктердің ерік-жігері де себеп болғанын айтты. Әйтпесе, қаңқасы қирағалы тұрған мектепті жабу керек деген шешімдер де талқыланды. Ең бастысы, ескі мектептегі 18 қызметкер жұмыссыз қалмайды. Сырым аудандық білім беру бөлімінің басшысы Әкежан Жамбылдың айтысына қарасақ, жұмыс орны әлі де ашылады. Себебі жаңа мектепте шағын орталық, балабақша, мектепалды даярлық пен тоғыз сыныпты қосқанда 79 бала білім алмақ.

Бауыржан ШИРМЕДИНҰЛЫ,
Сырым ауданы

Қысқа-нұсқа



ОРАЛ

Қала әкімінің орынбасары Жандос Дүйсенғалиев шаһардағы нысандарды абаттандырудың барысын тексерді. Бүгінде Н. Назарбаев даңғылы бойындағы Ғ. Құрманғалиев атындағы облыстық академиялық филармониясының ғимараты алдындағы тротуарға ағымдағы жөндеу жүргізілуде. Ол үшін үнемделген қаражат жұмсалуда. Деркөл кентіндегі өзен жағалауында орналасқан гүлзар мен орталық саябақ «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында абаттандырылуда. Әкім орынбасары С. Тюленин көшесі, 52 және Солтүстік-Шығыс шағынауданы, 37-мекенжайларындағы нысандарға да барды.



ЖӘНІБЕК

Мемлекет және қоғам қайраткері Мұстақым Біләлұлы Ысқановтың туғанына 100 жыл толуына орай ауданда «Мұстақым мұрасы» атты облыстық поэтикалық дуэль өтеді. Байқаудың негізгі мақсаты – 18-35 жас аралығындағы жас ақындардың шығармашылық қабілетін дамыту, ұлттық әдебиет пен елдік құндылықтарды насихаттау және дарынды жастарды қолдау. Қатысушылар «Поэзия» бағыты бойынша Мұстақым Ысқановтың тұлғасы мен туған жер және еркін тақырыптағы екі өлеңін 2026 жылдың 09 тамызына дейін nurlan2026@internet.ru поштасына жолдауы қажет. Байқау үш кезеңнен тұрады, қорытындысы мен марапаттау рәсімі 2026 жылдың 13 тамыз күні өтіп, жеңімпаздар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.



КАЗТАЛОВ

Ауданда ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Ауылдық округтерден келген шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерлер өздерінің табиғи өнімдерін ұсынды. Сауда сөрелеріне ет, сүт өнімдері, көкөніс пен бақша өнімдері және өзге де азық-түлік түрлері шығарылды. Барлық өнім нарықтағы бағадан төмен құнмен сатылып, тұрғындардың сұранысына ие болды. Мұндай жәрмеңке, бір жағынан, халыққа сапалы өнімді тиімді бағамен сатып алуға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, жергілікті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өнімін тікелей тұтынушыға жеткізуіне жол ашады. Жәрмеңкеде тұрғындар қажетті азық-түлік қорын тиімді бағамен алып, ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді.



ҚАРАТӨБЕ

Жуырда Қоскөл ауылдық округінде әкімдік қызметкерлері мен ветеринария мамандары Орал – Ақтөбе тасжолы бойындағы жайылымға шығатын ауылдың ірі қара малына арнайы жарық шағылыстырғыш флипперлер тақты. Рейд мақсаты – жолкөлік оқиғаларының алдын алу, жол бойындағы қауіпсіздікті күшейтіп, жүргізушілер мен тұрғындардың амандығын сақтау.



ТЕРЕКТИ

Тамыздың 3-інен бастап ауданның әлеуметтік нысандарының 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындығын тексеру басталды. Арнайы жұмыс тобы әр нысанның жылу орталықтарын аралап, қажетті ұсыныстар мен ескертпелерін енгізуде. Жұмыс тобының қорытындылары аудан әкімдігінің кеңейтілген отырысында талқыланып, тиісті шешімдер қабылданады.



Шабындықта жұмыс қауырт

Көпшіліктің қазір уақыт қысқарған деген сөзінің жаны бар секілді. Жарқыраған жаздың екі айы зырылдап өте шықты. Ауылдағы шаруа баққан жандар қыстық мал азығын дайындауға қарқын үстеді. Шаруа қожалықтарына қоса шай-суын малмен айырып отырған отбасылар да шөбін шауып, пішен ауласына тасуда. Әйтпесе «кәрі құда» келіп, қаһарына мінгенде, шөбі жоқтың қысылып қалатыны рас. Сондықтан қыста жем-шөп тапшы болып, шаруа шатқаяқтанбасын деген орақшылар тыным таппайды.

Гүлбаршын ДЫБЫСҚАЛИҚЫЗЫ, «Орал өңірі»

Биыл ерте көктемдегі жауын-шашынның мол түсуі және топырақтың ылғалдылығының жақсы сақталуына байланысты өңірде шөп шүйгін. Өткен қыста мал азығынан тапшылық көрген Жәнібек, Бөкей ордасы, Казталов аудандарында да шөп шығымы жақсы. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Рүстем Зұлқашевтың айтуынша, былтыр шөптің орташа өнімділігі әр гектарынан 3,4 центнерден болса, биыл бұл көрсеткіш 4,5 центнерді құрап отыр. 2026-2027 жылғы мал қыстағына кіреді деп жоспарланған 1 млн 247,3 мың шартты мал басына шөп қажеттілігі 2 млн 298,4 мың тоннаны құрайды. Одан басқа өткен жылдан қалған 141,5 мың тонна шөп сақтаулы тұр.

Қазіргі кезде аудандарда шөп шабудың қызған шағы. Шөпшілер бел жазбай, тер төгуде. Шөп шабатын техника да сайлы. Науқанға облыс бойынша 4371 орақ қатысуда. Аудандардың 4 тамыздағы мәліметіне сәйкес 3315 гектар шабындық шабылып, 1628,7 тонна мал азығы дайындалды. Бұл – жоспардың 70,9%-ы. Ал былтырғыдан қалған шөпті қоса есептегенде аталған көрсеткіш қажеттіліктің 77%-ын құрайды.

– Аудандарда науқан қыза түсті. Мал азығын дайындау жоспарын Теректі – 97%-ға, Бәйтерек ауданы – 91%-ға, Бөрлі – 81,3%-ға, Сырым – 79,6%-ға, Шыңғырлау – 78%-ға, Ақжайық ауданы – 76,5%-ға жеткізді. Басқалары сәл кейіндеу келеді. Ауа райы да шөп шабуға қолайлы, ашық-жарық. Әлі де мал азығын дайындап алуға уақыт бар. Сондықтан күні кеше облыс әкімдігінде өткен кеңесте алдағы қыстаққа шөптің жыл жарымдық қорын дайындауға тапсырма берілді, – деді Рүстем Мүлкәйұлы.

Биыл малазықтық дақылдар көлемі 215,3 мың гектар

шамасында. Оның ішінде бір-жылдық шөп егістігі 50,2 мың гектар, көпжылдық дақылдар 162,8 мың гектарды құрайды. Жалпы өңірде жыл санап малазықтық дақыл өсірушілер қатары толығып келеді. Былтырғы көрсеткіш 203,8 мың га, ал бұдан үш жыл бұрын, яғни 2023 жылы 190,6 мың га болды.

Өңір тұрғындарының қолындағы төрт түлік малды шөппен қамту мақсатындағы жұмыс жалғасуда. Табиғи шабындықтағы шөптің бір бумасының бағасы 3400-10000 теңге аралығында. Сырым ауданында – 6000-6500, Қаратөбеде – 4000-6000, Бәйтерек ауданында 7000-9000 теңгеден ұсынылуда. Шөп бағасының әртүрлі болуына шөптің шығымына, шабындықтың алыс-жақындығына байланысты. Өткен жылы мұндай шөп бумасының бағасы 3500-12000 теңге аралығында болды. Ал екпе шөп өсіретін шаруашылықтар өздерінен артылған шөптің бумасын 6000-10000 теңгеге сатуда. Былтыр бұл баға 7000-10000 теңге шамасында еді. Биыл шөптің шығымдылығы бағаны сәл де болса, төмендетіп отырғаны байқалады.

Жылма-жыл облысқа көктемгі далалық және егін оруды жұмысын жүргізуге жеңілдетілген бағамен дизель отынны бөлінеді. Биылғы көктемгі жұмыс 10,5 мың тонна, егін оруды 11,2 мың тонна бөлінді. Жеңілдетілген дизель отынның 2,1 мың тоннасын пішен дайындаушы тауар өндірушілер де пайдалануда.

Мал азығын дайындау науқаны облыстық штабтың тұрақты бақылауына алынған. Өйткені ауыл шаруашылығы саласының дамуы шаруалардың еңбек нәтижесіне байланысты екені белгілі. Ауыл-аудандар биыл мал азығынан тапшылық көрмейтін сыңайлы. Шөпшілердің жем-шөп дайындау қарқыны соны аңғартқандай. Қара суық күзге дейін бір жылдық емес, жыл жарымдық шөп қоры дайын боларына сенім бар.



Серік БЕКСЕЙІТОВ, Шыңғырлау ауданы Ақтау ауылдық округіндегі «Азат» шаруа қожалығының жетекшісі:


– Биылғы қыстаққа 300 бас ірі қара, 500 уақ жандық, 100 жылқы малына 3000 бума шөп дайындауымыз керек. Шөптің шығымы әр гектарына 10 центнерден шабылуда. Шүйгін шөпті артығымен дайындауға бел байладық. Техника сайлы, төрт тракторшы шабындықта еңбек көрігін қыздыруда. Қазірдің өзінде шаруаны еңсеру қарқынды. Жаздың аптап ыстығына қарамай, құрап кетпей тұрып шауып, тасып алу да оңай шаруа емес. Өткен жылы бірінші рет суданка шөбін егіп, екі рет орып алдым. Жақсы өнім береді екен. Содан биыл екінші мәрте 100 гектарға суданка өсірдім. Шамамен 100 гектардан бір мың бума шөп түседі. Жалпы біздің ауылдың шаруа жігіттері екпе шөп егуді әлдеқашан қолға алды. Қазіргі науқан кезінде де, былайғы уақытта да бір-бірімізді қолдап, қажет болғанда көмегімізді бұлдамай береміз.

Ауылда бума шөп бағасы 3000 теңге шамасында. Бұдан жоғары көтерілген емес. Он жыл болды осындай бағамен халыққа ұсынылады. Жастар ұйымшыл. Ауылымыз осындай еңбекқор азаматтардың арқасында көркейе бермек.

Ерлан НЫҒМЕТОВ, Жәнібек ауданының Ұзынкөл ауылдық округіндегі «Ерлан» шаруа қожалығының жетекшісі:



– Өткен қыста мал өсірушілер мал азығынан қиналғаны белгілі. Ал биыл шөптің шығымы жақсы. Қазір шабындықта үш трактор шөп шабуды. Табиғи шабындықтан шөп шауып қоймай, екпе шөп өсіруге де көңіл бұрудамыз. Суданка шөбін 100 гектарға екенбіз. Содан 700 дана орама шөп түсірдік. Былтыр 92 дана бума шөп алынды. Жаңбыр болса, тағы да орақ саламыз. Қырлықтан 700 дана орама шөп шабылды. Оның гектарынан 150 дана орамадан алынды. Өткен жылы шөп шабу науқанында 1000 дана орама шөп дайындалды. Ал қазіргі кезде ай жарым уақыт ішінде 1,5 мың дана орама шөп дайын тұр. Осыған қарап-ақ шөп шығымдылығын бағамдауға болады. Алдағы қысқа 120 бас асыл тұқымды және 200 бас жайын ірі қара малмен кіреміз деп жоспарладық. Жалпы жыл жарымдық мал азығын дайындауды мақсат-меже етудеміз. Шөптің молынан дайындалсақ, еш ұтылмасымыз анық.





Бұйырмаған баспана: КОМПАНИЯ УӘДЕСІНЕН НЕГЕ АЙНЫДЫ?..

Оралда үй аламыз деп ақша салған тұрғындар баспана да ала алмай, қаражатын да қайтара алмай жүр. Бір топ азамат қалалық прокуратураға жолыққан соң, БАҚ өкілдеріне жанайқайын жайып салды.



Прокуратураға шағым түсіргендердің бірі Индира Жарманова **(суретте)** 2024 жылы «ЖАЙҰQ строй» ЖШС-ға Зашаған кенті Мұрат Мөңкеұлы көшесі, 70А мекенжайындағы көпқабатты үйден бір бөлмелі пәтер алуға алдын ала ақы төлеген. Алайда үй де берілмеген, ақшасы да қайтарылмаған.

Маған берген келісімшартта подъездің де, пәтердің де нөмірі жоқ. Бірақ ол үй 2020 жылдан бері салынып, сатылып жатыр екен. Біз мұны білмейміз. Қалалық прокуратура қылмыстық істі енді қозғаймыз деді. Үйді арзан деп сатып алдық. Мен 6,5 млн теңгенің бір бөлмелі пәтері үшін 3 млн теңге салдым. Аумағы – 40 шаршы метр. Құжат бойынша бес қабатты үй, бірақ енді алтыншы қабатын салып жатыр. Алғашқы инвестор бұл жерді де, үйді де басқа кісіге сатып жіберген. Енді біздің ақшамызды кім, қашан қайтарады? Осының жауабын күтеміз, – деген Индира Жарманова компания директорының өзіне берген кепілдік хатын көрсетті. Онда үйдің құрылысы биыл 25 шілдеде аяқталатыны және егер салынып бітпесе, келісімшарттағы қаражатты қайтаратыны жазылып, компанияның

мері басылған.

Гүлжан Жанғали да **(суретте)** даулап жүрген үйдің құрылысы әлі бітпегенін айтты. Ол 2024 жылы тамыздың 8-і күні компания шотына 5,5 млн теңге қолма-қол ақша салған. Оған сол жылы үйдің төбесін жауып, желтоқсанда пәтер кілтін тапсырамыз деген.

Бірақ ештеңе бермеді, үйдің құрылысы біткен жоқ. Менің ұлым бар. Маған үй керек. Ол үй әлі сол күйінде тұр. Алайда біздің тобымызда бір адамға үйдің техпаспорты жасалғаны, бірақ тап сол пәтердің 2-3 адамға сатылғаны айтылып жатыр. Есік-терезесі салынбаған, газы мен суы өткізілмеген үйге техпаспорт қалай жасалған? Сонда бұл құжатты кім, қалай жасап отыр? Мен «ЖАЙҰQ строй» компаниясының басшысы Исмаил Нұрғалиевтің өзіне үйді күте алмайтынды, пәтер сатып алудан бас тартатынымды айттым. Салған ақшамды қайтаруын сұрадым. Одан кейін тағы хабарласам, телефонға жауап бермейді, кеңсесінде де отырмайды. Осымен екі жыл өтті. Қазір ол жерде басқа құрылысшы жүр. Ол Исмаилмен келісімшартқа отырған адамдарға жауап бермейді. Үйді өзінің клиенттеріне сатады. Сонда біз, 60 шақты адам, үйді қайдан аламыз? Бізге үй берсін немесе ақшамызды қайтарсын. Әлде

болмаса, бізді әуре-сарсаңға салған адам заң алдында жауап берсін, – деді Гүлжан Жанғали.

Ал Темірхан Батырғали **(суретте)** қарттың айтуынша, 2020 жылы 28 шілдеде «Ақтау инвест строй» компаниясының сол кездегі техникалық директоры Исмаил Нұрғалиевпен үш бөлмелі пәтер алуға келісімшарт бекіткен. Пәтер құнының 50 пайызын, яғни 7 млн 400 мың теңгені қолма-қол төлеген. 400 мың теңгені жертөледегі он шаршы метр болатын орынды алуға берген.

2022 жылы бірінші үй пайдалануға берілді. 2-қабаттан үш бөлмелі пәтер алатын болып, Исмаилмен келістім. Алып кел деген заттарын алып бардым. Электр өлшегіш, газ плита жеткізіп бердім. «Газ құбырын өткіземіз, жарық желісін жүргіземіз, есігін ауыстырып, темір есік қоямыз» деді. Содан кейін барғанымда, пәтер басқа біреудікі болып шықты. Күні бүгінге дейін ақшаны да, пәтерді де ала алмай жүрмін. Біз Исмаилдан ақшамызды қайтарып беруін талап етеміз. Прокуратурадан әділдік күтеміз. Прокуратура Зашаған кентіндегі полиция бөліміне арыз жазып, тексеріс жүргізуге көмектесіңдер деді, – деп мәселесін айтты қария.

Арыз иесі Гүлайна Кимның айтуынша, тұрғындардың Мөңкеұлы-70Б мекенжайындағы үйден пәтер аруды күтіп жүргеніне 6 жыл болған. Ол құрылыс салушы екі айда, үш айда бітіремін деп алдап келді дейді.

Осы кезге дейін, әкімдікке, ГАСК (мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы бас-

қармасы) пен БТИ-ға (техникалық түгендеу бюросы) бардық. Прокуратурада да болдық. Ешқандай нәтиже жоқ. Осы үндеуіміз Президентке дейін жетсе екен дейміз. Жеке өзім үй аламын деп жүргеніме екі жыл болды. Үйдің ақшасын 100 пайыз төлесем де, ешқандай құжатты қолыма бермеді. Соңғы жиналыста әкімдікте «Ақшасы төленіп тұрғандарға тек ақшасы қайтарылады» деді. Бірақ ақша қай уақытта берілетіні белгісіз. Ал құжаты барлар үй алатынын айтты. Бәріміз бір мезгілде ақша салсақ та, неге жартысы үйді өз аттарына заңдастырып алады? Бізге ақшамызды ешқандай өтемақысыз қайтарамыз деп отыр. Қазір сол кезде салған ақшамыздың құны жоқ. Енді сол ақшамызды қайтарып берсе екен. Мен 2024 жылдың соңы мен 2025 жылдың басында бір бөлмелі екі пәтер алу үшін 10 млн теңге салдым. Прокуратура істі толықтай полиция департаментіне беретіндерін айтты, – деді Гүлайна Ким **(суретте)**. Сондай-ақ ол тұрғындар 4 сәуірде полиция департаментіне барып, арыз жазғанын, бірақ іс жабылып қалғанын да алға тартты.

Біз тұрғындар айтқан компанияның өкілі Исмаил Нұрғалиевке хабарласып, мәнжайды білуге тырыстық. Алайда ол телефон тұтқасын көтермеді, WhatsApp нөміріне жазған хабарламамызға да жауап бермеді.

Аталған мәселе бойынша Орал қаласының әкімдігі түсінік берді. Онда Мұрат Мөңкеұлы көшесі, 70А мекенжайындағы тұрғын үй құрылысына қатысты мәселе әкімдіктің тұрақты бақылауында екені айтылған. Сондай-ақ

«2026 жылдың мамыр айынан бастап әкімдікке аталған тұрғын үй кешенінен пәтер сатып алу жөнінде келісімдер жасаған азаматтар жүгінді. Осыған байланысты бастамашыл топпен бірнеше рет кездесу ұйымдастырылып, азаматтардың ұсынған келісімшарттары салыстырылды. Сондай-ақ зардап шеккен азаматтардың нақты саны мен келтірілген ықтимал шығын көлемі нақтыланды. Қазіргі таңда алдын ала жасалған тізімге 88 азамат енгізілген. Әкімдік прокуратура, экономикалық тергеп-тексеру департаменті және басқа да уәкілетті мемлекеттік құрылымдармен бірлесіп, проблемалы нысанның құрылысын аяқтау және азаматтардың құқықтарын қорғау бойынша кешенді жұмыс жүргізуде. Бүгінде әлеуетті инвесторды тарта отырып, құрылысты аяқтау тетігі нысықталуда» делінген түсіндірмеде.

Қылмыстық іс қазіргі уақытта тергелуде. 2026 жылдың 30 шілдесінде қалалық прокуратура «ЖАЙҰQ строй» ЖШС-ның болжамды алаяқтық әрекеттерінен зардап шеккен азаматтармен жеке кездесу өткізді. Оған шамамен 20 жәбірленуші қатысты. Жеке кездесуге қала прокурорының орынбасары, Шаған полиция бөлімі бастығының орынбасары, тергеуші және Шаған полиция бөлімінің қызметін қадағалаушы прокурор қатысты. Кездесу барысында жәбірленушілерге сотқа дейінгі тергеудің барысы мен нәтижелері туралы ақпарат берілді. Олардың дәлелдері мен шағымдары тыңдалды. Сұрақтары бойынша тиісті түсініктемелер берілді. Қылмыстық іс қалалық прокуратураның бақылауында, – деп жауап берді бұл мәселе жөнінде облыстық прокуратураның баспасөз қызметі.

**Ясипа РАХИМҚЫЗЫ,
«Орал өңірі»**



• 10 тамыз – Абай күні



Абайдан алыстамайық, ағайын!

**Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН,
халықаралық «Ертөстік»
әдеби сыйлығының иегері**

Біз «Абай данышпан», «Абай ғұлама», «Абай мұхиттай терең, Абай асқар таудың ең биік шыңындай заңғар» деген теңеулерді жиі пайдаланып, әрі жиі естиміз. Тіпті, үшбу теңеулер Абай есімінің синониміне айналып кеткендей әсер қалдырады. Сөйте тұра, өз басым Абайға қатысты жаңағы теңеулерді гиперболалық сипатқа ие, яғни әсіре мақтау-мадақтау мазмұнында деуден аулақпын. Егер Абайдың рухани мұрасына салқын ақылмен зер салсаңыз, оның рухани қазынасына терең ой жүгіртіп, талдап-таразылап, сауатты сараптай алсаңыз, шынында да, оның ақылман, данышпан, әрі биік, әрі терең екендігіне көз жеткізу қиын емес. Алайда солай бола тұра, біз Абайдың ең басты сипаты – оның халықшылдығын

ескермейміз немесе ұмытып кете береміз. Жаңағындай естіген адамның басы айналатындай теңеулерді оңды-солды пайдаланудың кесірінен біз хәкім Абайды қазақы қалың бұқарадан, өзінің аламынан алыстатып жібереміз. Ал, шын мәнінде, Абай бүкіл өмірі қалың елі қазағының – қайран жұртының қақ ортасында өткен адам. Ендеше, қарапайым қазаққа «Ойбай, бізге ондай болу қайда, яғни Абайдай болу қайда немесе Абай армандағандай адам болу қайда?» деп Абайдан іргесін аулақ салуға еш негіз жоқ. Осы орайда Құнанбайдың Абайының өзі: **«Болмасаң да, ұқсап бақ, Бір ғалымды көрсеңіз, Ондай болмақ қайда деп, Айтпа ғылым сүйсеңіз»** деді емес пе?! Демек, Абай – бүкілхалықтық еліктеуге, қалың бұқаралық үлгі-өнеге

алуға әбден лайық тұлға. Мәселен, оның **«Бірінді қазақ, бірін дос, Көрмесең істің бәрі бос», «Өзіңде бармен көзге ұрып, артылам деме өзгеден»** немесе **«Аз күндік ғұмырыңды тату өткіз, Жетпесе, біріндікін бірін жеткіз»** деп келетін ғибрат-өсиеттерін ханнан қарашаға дейін, қалың бұқарадан ат үстіндегі азаматтарға дейін өмірлік ұстанымына, бала тәрбиесіндегі басты бағыт-бағдарға, негізгі қа -

дарының басында-ақ мен қазақ философиясының ерекшеліктері, қандай философия екендігі туралы, қазақ философиясының әлемдік философиямен сабақтастығы, жалпы философиядағы алатын орны туралы көп ойландым, бірнеше мақала жаздым. Қазақ философиясы – даналық философиясы, түсінік философиясы, тәлім-тәрбие философиясы, өмір философиясы ретінде әлемдік философиядан лайықты орын алатынын дәлелдеуге тырыстым. Мен қазақ философиясының өзегін, мән-маңызын, үлгі-өнегесін, тұжырым-түйінін жыраулар

етуден, қолдап жұмыс істеуден алыстап кеткен жоқ па?! Олай дейтін себебім, қазақы қалың бұқараның «Ауылда жұмыс жоқ» деген желеумен әлі де қалаға үдере көшуі саябырси қойған жоқ. Ал шаруа қожалықтарының басшылары, ірі фермерлер шопан мен малшы, механизатор мен токарь таппай дал. Мұндай мамандар барлық ауылда біржола құрып кеткен жоқ. Тек қазақы бұқаралық сана Абайдың,

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,

Еңбек қылмас еріншек адам болмас.

ғидаға айналдырса, керемет емес пе?!
Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ –

Бес дұшпаның, білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қой,

Бес асыл іс, көнсеңіз... – дейді Ұлт ұстазы. Мойны озық елдермен терезесі тең болуды аңсаған жұрт кемел кісінің, толық адамның әлгіндей ақылына ұйыса керек-ті. Абай қалың жұрты қазағын ақсүйек – қара халық, бай – кедей деп немесе төре – жалшы деп бөлген жоқ. Ол бүкіл қазақтың кемел ел-жұртқа айналуын аңсады. Бұл оның ең басты халықшыл сипаты.

Абай – ойшыл, яки философ. Алайда ол – ғылыми философияның емес, халықтық философияның өкілі. «Орал өңірі» газетінде жарияланған бір сұхбатында философия ғылымдарының докторы, профессор, академик, осы өзіміздің Орал қаласында тұратын ғалым Тілекжан Ырысқалиев былай дейді:

– Қазақ философиясымен және Абай ілімімен еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін тыңғылықты айналыса бастадым. Күні кешегі ХХ ғасырдың тоқсаныншы жыл-

мен би-шешендердің рухани мұраларынан, әсіресе, Абай шығармаларынан іздедім және таптым.

Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде қазақ философиясы, жоғарыда айтқанымдай, даналық ретінде, таным-түсінік ретінде, тәлімгерлік ілім ретінде, қоғам өмірінің, адамның тыныс-тіршілігінің айнасы ретінде нақты көрініс тапқан.

Абайдың шығармалары кішігірім екі томды құрайды. Ахмет Байтұрсынов: «Абайдың сөзі – аз, бірақ мағынасы терең» дейді. Оның шығармаларынан біз адам болып өмір сүрудің нақты жолдарын таба аламыз. Абай ілімінің өміршең идеяларының бірі – «Адам бол!» идеясы.

Адам болу үшін, ең алдымен білімді болуың керек. «Дуниенің асылы – білім мен өнер» дейді хәкім ақын. Ал білімді болу үшін оқу, іздену, еңбектену шарт, – дейді Абайдың рухани мұрасына терең бойлаған академик Ырысқалиев.

Абайдың рухани мұрасында еңбекпен мал табу ерекше мәнге, айрықша маңызға ие. Тіпті аталмыш ұғым-түсінікті өз алдына дербес философиялық категория деп қарастырса да болатын шығар. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, бүгіннің қазағы иіліп еңбек

Есектің кө...н жусаң да, мал тауып кел,

Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас деген ғибрат-нұсқауынан тым алшақтап кеткен жоқ па екен?.. Үлкенді-кішілі ауылдық елді мекендерде сиыр сауып, бала-шағасын аққа жарытып отырған келіндердің бір қолдың саусағымен санарлықтай деңгейге дейін күрт кемуі де адал еңбектен іргені аулақ салудың бүгінгі классикалық мысалы емес пе??? Билік біраз жылдан бері шағын кәсіпкерлікке жүйелі қолдау көрсетіп келе жатса да, әлі күнге дейін бірде-бір шаштаразы мен кулилары, токары һәм етікшісі жоқ ауылдық округтер баршылық. Меніңше, бұл да халық пен билікті бірдей ойлантарлық жағдай.

Билік тарапынан әлі күнге дейін түбегейлі реттелмеген, тиянақты ойластырылмаған урбанизацияның салдарынан әсіресе, мемлекеттік шекараға таяу ауылдардың тұрғындары соңғы жылдары қатты сирегені, тым селдіреп қалғаны менің ойымша, ат үстіндегі азаматтардың бәрін ойландыруы тиіс. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, аттылымыз бар, жаяуымыз бар Абайдан алыстамайық, қайта аламан боп жиылып, Абайға жақындайық, Абайды оқиық, оқығанымызды зердемізге тоқиық, ағайын!





9 тамыз – Құрылысшылар күні

Елімізде жыл сайын тамыз айының екінші жексенбісінде Құрылысшылар күні аталып өтіледі. Бүгінде осы салада еңбек ететін азаматтардың қоғамда алар орны ерекше. Себебі ел игілігі үшін салынған тұрғын үйлер, ғимараттар, түрлі нысандардың іргетасына құрылысшылардың маңдай тері сіңген.

Ауылды да, қаланы да жайнатып жіберетін жайсаңдар

«Болашақ-Т» ЖШС – қазіргі кезде өңіріміздегі құрылыс саласында жүрген жетекші компаниялардың бірі. Серіктестіктің негізі 1998 жылы қаланған. Бүгінде «Болашақ-Т» өндірістік-құрылыс компаниясы нысанды тұрғызуға қажетті материалдарды өз базасында өндіреді. Біз Құрылысшылар күні қарсаңында «Орал-Бұзылық» тасжолының бойындағы компанияның үй құрылысы комбинатына (ҰҚК) барып, ондағы жұмысшыларды алдағы мерекесімен құттықтап қайттық.



Қайрат Аршабаев (1-суретте) аталмыш серіктестікте 2013 жылдан бері еңбек етіп келеді. Ол осы өндірістік цех салынып жатқан кезде компанияға жұмысқа қабылданыпты. Алғашында қарапайым жұмысшы болып еңбек жолын бастаған Қайрат Қабденұлы бүгінде дайын өнім қоймасының шебері қызметін атқарып жүр.

– 2013 жылы компанияға қарайтын үй құрылысы комбинатының құрылысы басталды. Сол жылдары құрылыс алаңында монтажшылардың басшысы болдым. Қазірде біздің серіктестік облыс бойынша бірнеше нысан салып жатыр. Құрылысқа қажетті бар материал осы жерде дайындалады. Мен учаске бастықтарымен байланыста болып, қажетті құрылыс материалдарын нысандарға жөнелтіп отырамын. Құрылыс комбинатында тұрғын үйлерге қажетті қабырға құрастырмалары, балкон жабдықтары, баспалдақтар және басқа да темірбетон конструкциялар өндіріледі.

Алтыншы шағынаудандағы қалалық көпбейінді ауруханасы, Қадыр Мырза Әли атындағы облыстық мәдениет және өнер орталығы, басқа да нысандарды, тұрғын үйлерді тұрғызуға септестік. Осылай ел игілігі жолында еңбек етіп жатқаным мақтанамын. Әріптестерімді келер төл мерекемізбен құттықтаймын! – деді Қ. Аршабаев.

Руслан Рахымбердиев (2-суретте) бетон конструкцияларының ішіндегі арматураларды дәнекерлейді. Арматура бөлшектері берік әрі талапқа сай жалғанбаса, конструкция ауыр салмаққа төтеп бере алмай, опырылып кетуі мүмкін. Сондықтан бұл жұ-



мыста аса мұқияттылық пен жауапкершілік қажет екенін айтты кәсіби дәнекерлеуші.

– Дәнекерлеуші жұмысына бала күнімнен қызығушылығым оянды. 2007 жылдан бері дәнекерлеу жұмысымен шұғылданамын. Отбасыммен қалаға көшіп келгенде дәнекерлеуші болып әр жерде жұмыс істедім. Одан кейін 2013 жылы осы компанияға түйіндемемді тапсырып, жұмысқа қабылдандым. Ойлап қарасам, жанұямды 13 жыл бойы осы дәнекерлеу аппаратымен асырап келеді екенмін. Біз құрылысшы болып еңбек етсек те, жанұямызды асырап, халықтың алғысын арқалап жүрміз. Мен мұны мақтан тұтамын, – деді ол.

Компания жұмысшысы Нұрлан Сатанғалиев (3-суретте) ҰҚК-ның басқару пультінің операторы болып еңбек етеді. Ол 2006 жылы шаһарға көшіп келіп, әртүрлі мекемелерде жұмыс істеген. 2013 жылы «Болашақ-Т» ЖШС-ға қызметке қабылданған.



– Құрылыс саласына ұжымдық ауызбіршілік аса қажет. Өндірістік цехта тұтас тұрғын үйдің құрылысына қажетті материалдар өндіріледі. Мен керекті бетон бөліктерін өлшеп, салынып жатқан үйдің көлеміне сай жөнелтіп отырамын. Бұйырса, жақында 60 жасқа толмақпын. Зейнеткерлікке шыққанға дейін осы компанияда жұмыс істеймін. Өзіммен бірге еңбек ететін құрылысшыларды келер Құрылысшылар күнімен құттықтаймын! – деді Нұрлан ағамыз.

Тағы бір кейіпкеріміз Самат Жұмағұлов (4-суретте) 2009 жылдан бері компанияда механизатор болып жұмыс істеп келе жатыр. Дәлірек айтқанда, бетон дайындауға қажет қоспаларды ауыр техникамен тасымалдайды.

– Қателеспесем, 1993 жылы тракторды алғаш жүргізіп, үйрендім. Мен сол шақта мектепті енді тәмамдаған жас жігіт едім. Кейін осы мамандық бойынша білім алдым. Қазір



еліміз өркендеді, техника дамыды. Біз тізгіндейтін жүк көтергіш көліктерінде барлық жағдай жасалған. Мен әркез техникалық қауіпсіздікті сақтап, көлікті ұқыпты ұстаймын. Жыл сайын Құрылысшылар күнін асыға күтемін. Себебі әр жылда осы күні ұжымымызбен бас қосып, көңіл көтереміз. Барша әріптеске мейрам құтты болсын деймін, – деді С. Жұмағұлов.

Иә, халық тұрып жатқан баспана мен игілігін көріп жатқан сан түрлі нысанның іргесін құрылысшылар қалайды. Бұл мамандық иелері қандай құрметке де бек лайықты. Ел дамуына өз еңбектерімен ауылды, қаланы сәнді құрылыстарымен жайнатып, үлес қосып жүрген барша құрылысшыға мықты денсаулық, отбасыларына амандық, кәсіби жетістік тілейміз.

**Нұрым ҒҰМАР,
«Орал өңірі»**

«Qazaq Kalium LTD» ЖК «Сатимолла» кен орны базасында калий тұздарының КБК I кезегін салу» жобасына құрылыс-монтаждау жұмыстары кезеңіне әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін жобалық материалдар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Сарытоғай а. о., Ақжайық ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны, күні мен уақыты: 2026 жылғы 11 қыркүйек сағат 15:00-де. Сарытоғай а.о., Жанама а., Ғалымов к-сі, 23 үй, Мәдениет үйі. ZOOM платформасы арқылы онлайн қосылу. Конференция идентификаторы: 868 4922 0040, кіру коды: 413126.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Qazaq kalium LTD» ЖК, БСН 950440001366, Астана қ., Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 37/10 ғимарат. Тел: +7-707-599-10-05.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Есо Јег» ЖШС, БСН 200640023864, Қарағанды қ., Әлиханов к-сі, 37, ҚҚ. 627, тел: 8-(712)-31-98-76.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, содан кейін жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен ndbecology.gov.kz порталында «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады. Барлық ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz порталында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Жергілікті атқарушы құрылым: «Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ: zko_forest@bko.gov.kz, БҚО, Орал қаласы, Сарайшық көшесі 47, 8 (712)-24-09-76.

Қосымша ақпаратты esojer@mail.ru электронды поштасы арқылы және +7 (712) 31-98-76 телефон бойынша алуға болады.

«Диана-плюс» ЖШС БСН 061040005241 серіктестікке қатысушыларға серіктестікке қатысушылардың кезекті жалпы жиналысының 2026 жылғы 8 қыркүйекте сағат 15:00-де Googlemeet мессенджерін пайдалану арқылы бейнеконференция режимінде өтетіні туралы хабарлайды.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Диана-плюс» ЖШС-ның 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қорытындысы бойынша алынған таза табысының мөлшерін бекіту туралы.


2. «Диана-плюс» ЖШС-ның 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қорытындысы бойынша таза табысын бөлу туралы.

3. «Диана-плюс» ЖШС-ның 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қорытындысы бойынша қатысушыларға дивидендтер төлеу, дивидендтердің мөлшерін, оларды төлеу тәртібі мен мерзімін айқындау туралы.

Басқарма төрағасы: А. САРМАСАЕВ



Көпес Қосшығұловтар туралы фильм неге ОРАЛДА түсірілуде?



Перизат САРИЕВА,
«Орал өңірі»



Режиссер Жандос Құсайын

Біз барғанда Переметный ауылындағы Қасиетті Құдай ананың шіркеуінде түсірілім жұмысы жүріп жатты. Шығармашылық топ құрамы продюсер Сұлтан Сраилов, режиссер Жандос Құсайын, қоюшы суретші Ермек Өтегенов, қоюшы оператор Еркінбек Птыралиев сынды тәжірбиелі киногерлерден жасақталған.

Режиссер Жандос Құсайын Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде физика-математика мамандығын бітіріп,

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында кино-режиссер бойынша білім алған. Еркін Рақышевтың көпке танымал «Жаралы сезім» фильмінде режиссердің көмекші қызметін атқарып, 20 жасынан кино әлеміне араласқан. Шыңдала келе «Хабар» телеарнасында түрлі көркем, деректі фильмдер, телехикая, жарнама, бұқаралық мәдени іс-шаралар мен телевизиялық жобаларға режиссерлік етті. Атап айтсақ, «Дударай», «Наурыз жәрмең-

кесі», «Біздің көктем» сынды телевизиялық бағдарлама мен «Шабдалы», «Жамбыл. Жаңа дәуір», «Zero Qaryuz», «Сергелдең» көркем фильмдері бар. Режиссердің сөзінше, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ақмолада (қазіргі Ұлытау облысы) ірі өнеркәсіп орындарын ашқан Баймұхамбет Қосшығұлов пен оның ұлы Құрманғали Қосшығұлов туралы фильм түсіру идеясы – 2021 жылы «Жамбыл. Жаңа дәуір» көркем фильміне дерек іздеу барысында туған.

– Титімдей кезімде көркем әдебиет, тарихи шығармаларды жата-жастанып оқитын едім. Көрнекті жазушы Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» дилогиясын оқығанда, Ораз-Мұхаммедтің бейнесі көзі алдыма келетін. Бізде осы уақытқа дейін технократ қазақтардың өмірі, өнертапқыштығы мен кәсібі туралы көркем фильм жоқтың қасы. Қазақтар тек көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, өркениеттен хабарсыз болған деген сыңар жақ пікірдің таралуы сол кездегі саясат жемісі болуы да мүмкін. Сондықтан маған осы тақырып қызық болды. Басында жоспар бойынша кино түсіру үшін Ташкент қаласын таңдадық. Бірақ ол жақта бізге қажет киноның қоры, реквизиттер жоқ болды әмбе шығыстық түс басым еді. Орал қаласында фильмді түсіруге идея тастаған кинорежиссер Мейірім Карбозов деген ағамыз. Шаһарда ғимараттардың жақсы сақталғанын көріп, осында жұмыс істеуге бірауыздан шешім қабылдадық. Қала тарихи кейпін ұзақ сақтап тұрса – болашақта көп фильм осы жақта түсірілуі мүмкін. Ол өңір үшін өте тиімді инвестиция және саяхатшыларды тартып, қала туризмі ілгері басуы ықтимал, – деді режиссер.

Жандос Әшкентайұлының сөзінше, көркем фильм түсірместен бұрын 2025 жылы «Көпес Қосшығұлов» атты деректі фильмді көрерменге ұсынған. Фильм түсіру барысында Омбы, Санкт-Петербург қалаларынан арнайы зерттеу құжаттарын алдыртқан. Режиссер деректер ішінен Баймұхамбет (лақап аты Байкөп) Қосшығұловтың «І гильдя көпесі» екенін растайтын құжатты аса ыждағатты іздеген. Көрерменге нақты, шына-

йы көрініс көрсету үшін Қосшығұловтарға тиесілі көліктер, жылжымайтын мүлік, ақша, түбіртек болғандығы жөнінде тарихи құжаттар тапқан. Дерекқор жинау барысында, осы тақырыпты 30 жылдан бері қаузап жүрген зерттеуші Ерлан Күзекбай тапқан тарихи мағлұматтар, құжаттар мен фотограф Константин Шаховтың фотосуреттері біраз кәдеге жараған. Деректі фильмде зерттеуші тарихи деректерді Баймұхамбет Қосшығұловтың кенже ұлы Бекмұхамбет Баймұхамбетұлының өз аузынан жазып алынғандығы айтылады.

Ерлан Күзекбайдың «Егемен Қазақстан» газетінде 2024 жылы жарияланған «Қазақ капиталисті Баймұхамбет Қосшығұлов» атты мақаласында Сібір-қырғыз (қазақ) аймағындағы беделді сауда-өнеркәсіп иесі Баймұхамбет пен әкесінің ізін жалғаған инженер-технолог Құрманғали Қосшығұлов туралы жазған. Дерек бойынша зерттеуші кейбір жазылған жалған ақпаратты теріске шығарып, Баймұхамбет Қосшығұловтың шежіресіне, туған жеріне, отбасына тоқталады. Кондитер фабрикасы, тері, сабын, кірпіш, шаруашылық құрал-жабдықтар шығаратын зауыттардың болғандығы жөнінде нақты дерекке сүйеніп жазған. Тіпті көпес патшалық Ресей, Еуропа, Орта Азия елдерімен сауда-саттық қарым-қатынаста болып, Ақмола қаласының гүлденуіне, теміржол бағыттарының дамуына атсалысқан. Ғалымның дерегіне сүйенсек, Құрманғали Қосшығұлов Алаш қайраткері Мағжан Жұмабаевпен кездескен, ұлт мүддесіне жақын болған және Кеңес үкіметі орнағаннан кейін қуғын көріп, қайтыс болған. Артында қалған алыс-жақын ұрпақтары қуғындалып, қаза тапқан. Режиссер сөзінде қазіргі кезде Құрманғали Қосшығұловтың тікелей ұрпағы жоқ, тек жақын ағайындары бар екенін тілге тиек етті.

– Қазіргі уақытта интернет портал мен газет-журналдарда жарияланып жүрген Қосшығұловтар әулеті туралы мәліметтің бәрі Ерлан Күзекбай ағамыздың 1990 жылдардан бері зерттеген материалдарынан алынған. Ол кезде жұртшылық аса мән бермеген. Өйткені халық мұндай жаңалыққа дайын болмады. Қазір зерттеушілер Қосшығұловтар туралы оқтын-оқтын жазып жүр. Бірақ арасында жалған мәлімет қосып жүргендер де жетерлік. Тарихи фильм болғандықтан біз ақпараттың дұрыс-бұрысын әбден сүзгіден өткізіп алдық, – деді Жандос Құсайын.

Режиссер Қосшығұловтар туралы фильм түсіруде XX ғасырда орыс ориенталист зерттеушілерінің «қазақтар жалқау, қара танымайды, нақтылыққа бейімсіз» деген секілді қазақ қоғамына теліген сыңаржақ пікірлердің жалған екенін кино тілінде өмірде болған кәсіпкер тұлға арқылы көрсетуді мақсат еткен.

Фильмге көбіне халыққа аты беймәлім актерлер іріктелген. Байкөп Қосшығұловтың рөлін Қадырғазы Қуандықов ойнаса, баласы Құр-



Конфет-прэндік фабрикасының қызметкерлері (Егемен Қазақстан газетінен алынды)





манғали Қосшығұловтың рөлін М. Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театр әртісі Елжан Тұрыс сомдайды. Сонымен қатар Аяжан Жұмабек, Ержан Нұрымбет, Гүлбаршын Қылышбай, Әділ Ахметов сынды театр әртістері бар. Режиссер актерлерді іріктеу барысында оның атақ-абыройына емес, тарихи кейіпкер мен әртістің эстетикалық талғамы, этикалық құндылығының сәйкестігіне аса мән берген.

– Фильмде Тайменды деген полиция басшысының рөлін сомдаймын. Бұл – кинода жүргелі ойнаған ең тұңғыш жағымсыз рөлім. Кастингсіз өттім десем асылық айтқаным емес. Продюсерден ұсыныс түскенде, сонысымен қызық болды. Әртүрлі жанрда кейіпкер сомдау – кәсіби актер үшін үлкен тәжірибие, – деді біраз тарихи киноларға түсіп жүрген театр әртісі Әділ Ахметов.

Тоқсаныншы жылдары қазақ кино өнерінің жаңа буын өкілі – кинорежиссер Дәрежан Өмірбаев сұхбатында кинода абстракция, есеп шешкендей логикалық ой қалыптастыратын қозғалыс, киноға театр актерлерінен көрі, тірі адамды таңдау – режиссер шеберлігінің бір көрінісі екенін әркез жазып жүреді. Режиссер қазақ және әлем кино өнеріндегі түрлі көзқарасқа былайша жауап қайтарды:

– Менің түсінігімде кинода тым әдемі көріністер айқайлап тұрмау керек. Біз түсіріп жатқан кино бесіктегі баладан еңкейген кәріге дейін түсінікті етіп оқиға реттілігін баяндайды. Георгий Данелияның: «Кино өмірдің өзіне ұқсас күлкілі, мұңлы, мейірімді болу керек» деген пайымын ұстанамын. Режиссер шешіміне басымдық беруден көрі, кинода оқиға мен кейіпкерге қызығып қарау керек деп ойлаймын, – деп Жандос Құсайын киноның тілін басқаша айшықтады.

Түсірілімге қажетті бұйымдарды, киім пішуге арналған маталарды табу аса қиынға соқпаған. Режиссер костюм бойынша маман Шолпан Бақытоваға камерада кейіпкер киімдерінде қазақы нақыш пен XX ғасырдағы Еуропа стилінің үйлесімді болуына талап қойды. «Оре!» көлігін алты ай бойы іздеп, Атырау қаласынан тапқан. Көпестердің әулетіне сай болсын деген мақсатта жейде, етік, шапан, жәкет, бешпет сияқты киімдерді арнайы тіктірді.

Фильмнің түсірілімі Бөкей ордасы ауданының Хан ордасы ауылында басталды. Хан ордасы тарихи-мәдени, архитектуралық-этнографиялық музей-қорығының директоры Гүлмару Мырзағалиеваның мәліметінше, түсірілім Хан мешіті ғимаратының алдында, Хан сарайының шығыс қосалқы үйіндегі қонақ қабылдау, орталық қонақ қабылдау залдарында және сыртқы жағында жәрмеңке, 1852, 1872 жылғы салынған аурухана ғимараттарында ішкі және сыртқы көріністер түсірілген. Атқарушы продюссер, Орал қаласының тумасы Ғазиз Есмадыров фильмді шаһардың «Слобода» кафесі, облыстық полиция департаментінің ауруханасы, С. Ғұмаров атындағы балалар көркемсурет мектебі, облыстық білім беру басқармасы, Бәйтерек ауданы, Переметный ауылындағы Қасиетті Құдай ананың шіркеуі, Ғ. Құрманғалиев атындағы облыстық филармония, Ғ. Тоқай көшесіндегі кешкі мектеп, бұрынғы облыстық білім беру басқармасының ғимаратының алдында түсірілім жалғасқанын және де фильмнің толық кадрлары бастан-аяқ осы өңірде түсірілгенін айта кетті.

Режиссердің сөзіне қарағанда, фильм сәтін салып, ойдағыдай шықса, жоспар бойынша 2027 жылы көрерменге жол тартпақ. Ол болашақта мұнымен тоқтап қалмай, Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран», «Сары қазақ» және Шыңғыс Айтматовтың «Тавро Кассандра» сынды әдеби шығармалар желісінде кино түсіргісі келетінін айтып өтті.



Мәулен САЛАХАДЕН
Қаратөбе ауданы

Қазіргі Атырау облысының Махамбет ауданынан отыз шақырымдай жерде Таңдай атты ауыл бар. Ертеректе бұл өңір Бақсай-Жаманқала деп аталған екен. Сол маңда дәулеті мен дархандығы қатар жүрген атақты Бабыл деген бай өмір сүріпті.

Бабылдың жайлауы жиек пен құмды, қатқыл мен қырды қамтып, ұлан-ғайыр алқапқа жайылған екен. Ол Ираннан асыл тұқымды үлектер алдыртып, айыр түйелермен будандастырып, атағы алысқа кеткен қызыл нар өсіріпті. Ірі бураларын ел көзінен таса жерде ұстап, ерекше баптаған деседі. Кейін сол өңір «Бурабай» аталып кетіпті.

Бабылдың бал шұбаты мен дәмді қымызына алыс-жақыннан арнайы кісі жіберіп тапсырыс беретін көрінеді. Қоспақ түйелердің шұбатын ол кедей-кепшікке тегін таратқан екен. Байлығы тасып жатса да, Бабылдың бір арманы орындалмай, көп жыл перзент сүйе алмай жүреді. Алғашқы жары Теген ноғай қызы, Жәңгір ханның жары Фатиманың туыс сіндісі екен. Жылдар өте келе Теген бәйбіше күйеуіне екінші әйел алуына өзі рұқсат береді. Көп ұзамай екінші әйелі жүкті болып, араға аз уақыт салып бірінен соң бірі екі қыз дүниеге келеді.

Зарығып күткен сәбилеріне елдің асыл текті ақсақалдары ат қояды. Бірін аспандағы айдай ажарлы болсын деп Айдай атаса, екіншісін арайлап атқан таңдай сұлу болсын деп Таңдай деген есім беріпті.

Бабылдың мыңғырған жылқысын Өтебайдың Оразы деген жас жігіт бағады екен. Ол ептілігіне күші сай, айбарлы, өнерлі ақын жігіт болған. Өз қолымен баптап өсірген қара жорғасы бар екен. Жорға әбден жетіліп, атағы шыға бастағанда, жылқышы жігіт оны Бабыл байға көрсетуге алып келеді.

Сол күні Ораз алғаш рет хан сарайындай ақ ордада тәрбиеленген Айдайды көреді. Сұлу қызды көрген сәттен-ақ жүрегі аттай тулап, ес-түссіз ғашық болып қалады.

Ал Бабыл болса қара жорғаның мінсіз жүрісіне сүйсінеді. – Пай-пай, шіркін, үстінен су төгілмейтін, сүйегі асыл, қанатты тұлпар екен! – деп тамсанады.



Айдай мен Таңдай

Содан кейін:

– Менің Айдай қызымды осы жорғаға мінгізіп, атқа баулып үйрет, – деп бұйырады.

Ораз үшін бұдан асқан бақыт бар ма?! Қуана келісе кетеді.

Уақыт өте келе Айдай да сұңғақ бойлы, озық ойлы, орақ тілді, ақын әрі әнші Оразға іштей ғашық болады. Бірақ бай қызы мен жылқышы жігіттің арасын әлеуметтік теңсіздік бөгепп тұрғандықтан, екеуі де сырларын сыртқа ашық шығармайды.

Ғашықтықтан жанын жеген Ораздың жүрегінен бір күні ән туады:

**Жылқысы біздің елдің
ала мойын,
Су ішіп айдың көлде
салады ойын.
Сүйеніп талқұрыққа
тұрғанымда,
Қалқада әрқашанда
болады ойым...**

Бұл ән кейін ел арасына «Жылқышының әні» деген атпен тарап кетеді.

Әннің өзіне арналғанын жүрегімен сезген Айдай Оразбен оңаша кездесудің амалын іздейді.

Қара жорға құлын күнінен Ораздың қолынан жем жеп өскендіктен, оның дауысын естисе, бас бермей жетіп баратын.

Бір күні Айдай кешкі салқынмен жалғыз серуенге шығады. Ымырт үйіріліп, кең даланы ән кернеген шақта жылқы қайырып жүрген Ораздың дауысын естіген қара жорға құстай ұшып, иесіне қарай тартады. Екі жас үнсіз ұғысып, аттарынан түседі. Ұзақ уақыт бір-біріне қарап тұрады.

– Сен маған ән арнадың ба?
– Арнадым.

– Әннің соңы мұңмен аяқталсын.

– Неге?

– Менің жаным сенімен мәңгі бірге болады. Бірақ тағдырым бесікте жатқан кезімде-ақ шешіліп қойған...

– Кімге?

– Айттырған Тама еліне...

Ораз үнсіз қалады.

– Енді ештеңе айтпа...

– Түсіндім...

– Біз үшін бір рулы ел атысып шабыспасын. Сүйекке таңба түсіп, тегіміз бүлінбесін.

Қимастық. Өкініш. Соңғы рет сезілген ыстық дем мен ұмытылмас жұпар иіс...

Уәделі уақыт жетіп, Айдай ұзатылады. Қыз әкесінен еншіге қара жорғаны сұрап алады.

Айдайдың ұзатылғанын естіген Ораз қайғыға шыдамай, көштің жолын тосуға бел буады. Ақбоз атымен жүйткіп келе жатып:

**Құдайым қуат берсе
маңдайыма,
Мұнымды жеткізейін Айдайыма!..** – деп ән шырқайды.

Мұны алдын ала сезген Айдай көштен оза шығып, Бабыл көлінің маңындағы құдық басында отырған балаға жүзігі мен орамалын табыстайды.

– Қазір осы жерге Ораз келеді, мынаны бер. Соңымнан қумасын, көзімдей көрсін. Сезімін тежеп, сабыр сақтап, ел арасын бұзбасын! – дейді.

Көп ұзамай Ораз жетеді. Сәлемдемені көргенде көңілі босайды. Қуып жетуге шамасы жетсе де, сөзге тоқтап, сабырға келіп, амалсыз тағдырға мойынсұнады.

Бұл оқиға Бабыл байдың құлағына жетеді. Содан кейін ол Оразға:

– Осыдан былай «Айдай» деп ән айтсаң, тұқымыңды құртып, өзіңді итжеккенге айда тамын! – деп ақырады. Тіпті бұл әнді басқа біреу орындаса да, соңына түсіп қудалайтын көрінеді. Сөйтіп «Айдай» әні ұзақ жыл ел ішінде шырқалмаған екен.

Ал екінші қызы Таңдай да осындай сөзге қалмасын деп, Бабыл оның асқан сұлулығынан қауіптеніп, ерте ұзатып жіберген деседі.

Халық аузындағы әңгімеге қарағанда, Жылыой өңірінде Айдаймен жүздескен әйгілі әнші-композитор сал Мұхит оның көркіне ғана емес, ақыл-парасатына да тәнті болып, «Үлкен Айдай» әнін шығарған екен деген сөз бар.



«Ақжайық» телеарнасының тікелей эфирінде өткен «Мектепке жол» республикалық акциясына арналған баспасөз конференциясында облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Саягүл Ғалиева биылғы акцияның өту барысы мен әлеуметтік қолдау шаралары туралы баяндады.



Білім қорынан 422 млн

Спикердің айтуынша, «Мектепке жол» республикалық акциясы биыл 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында өтеді. Оның негізгі мақсаты – аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде қолдау көрсету.

Акция аясында Қазақстан Республикасының әрбір азаматы, кәсіпкерлер, мемлекеттік мекемелер мен үкіметтік емес ұйымдар әлеуметтік

осал топтағы балаларға көмек көрсетіп, азаматтық жауапкершілік таныта алады.

Жалпыға бірдей міндетті білім беру қоры есебінен әлеуметтік қолдау халықтың әлеуметтік осал санатындағы балаларға көрсетіледі. Атап айтқанда, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын және табысы төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын отбасылардың балалары, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, төтенше жағдайдан зардап шеккен отбасылардың балалары, сондай-ақ мектептің арнайы комиссиясы айқын-

даған өзге де оқушылар осы көмекке ие бола алады.

Көмек алу үшін ата-аналар білім беру ұйымына өтініш береді. Санаты расталғаннан кейін арнайы банк шоты ашылып, қаражат сол есепшотқа аударылады. Ата-аналар бөлінген қаражатқа мектеп формасын, спорт киімін, аяқ киім және оқу құралдарын таңдап сатып алып, түбіртектегі білім беру ұйымына ұсынады.

Басқосуда мектепке қажетті құрал-жабдықты сатып алуға мүмкіндігі жоқ балалардың бар-жоғы және олар-

Облыста мал ұрлығы бойынша ауыр санаттағы қылмыс 54,5%-ға (11-ден 17-ге дейін) өсіп, ашылу деңгейі 80%-ды құраған. Бұл туралы ӨКҚ алаңындағы баспасөз мәслихатында облыстық полиция департаменті криминалдық полиция басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі, полиция майоры Асылбек Бигазиев мәлімдеді.



лыстық полиция департаменті қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бөлім бастығы, полиция майоры Тілектес Қажкеев кеңінен баяндады.

Биылғы алты ай қорытындысы бойынша ұрлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында полиция қызметкерлері бағымсыз жүрген малдарды анықтап, олардың

луде. Сонымен қоса ветеринария басқармасы қызметкерлерімен бірлесе аудан және қала орталықтарында ет сататын («Ел ырысы», «Аяжан», «Мирлан», «Алтын алма») т. б. базарлар мен павильондарда ұдайы рейдтік іс-шаралар жүргізіледі. Қазіргі таңда облыс бойынша мал соятын 15 пункт пен 9 алаң жұмыс істеуде. Бейнекамералармен жабдықталып, ұдайы бақылауда тұр. Одан бөлек ауыл шаруашылығы жануарларын уақытша қамайтын 121 аула қолданысқа берілді. Үшжақты (әкімдік, вет. станса, аудандық полиция бөлімі) келісімшарт жасалып, аула санын көбейту жұмысы жалғасуда, – деді Тілектес Құрманғазыұлы.

Облыс аумағында мал ұрлығының алдын алу мақсатында жыл сайын көктемгі және күзгі маусымдарда «Мал ұрлығына жол жоқ!» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізіліп, мал тасымалдайтын аутокөліктер, мал сою орындары, ет қабылдау пункттері, базарлар және жайылымдарда кешенді тексеру жұмыстары ұйымдастырылады.

Бағымсыз мал – ұрлыққа себеп

Облыстық полиция департаменті бастығының 2024 жылғы 15 қаңтардағы №62 бұйрығымен ұрлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілген. Басты мақсат – жедел ахуалды жақсарту және ұрлықтың алдын алу, оларды ескерту және ашылуын арттыру. Сондай-ақ азаматтардың мүлкін қорғау бойынша кешенді шараларды әзірлеу арқылы ішкі істер құрылымдары тарапынан ұрлыққа қарсы күрес саласындағы криминогендік жағдайдың жай-күйіне бақылауды күшейту болып табылады.

– Соңғы бес жылда (2021-2025 жыл аралығында) облыста мал ұрлығы 74,2%-ға төмендеді. Қабылданған іс-шаралардың нәтижесінде биылғы алты ай қорытындысында ұрлықтың тіркелуі былтырғымен салыстырғанда 3,4%-ға түсті, жалпы ашылу деңгейі 81,8%-ды құрады. Облыста мал ұрлығы бойынша ауыр санаттағы қылмыс, 54,5%-ға (11-ден 17-ге дейін) өсті. Ашылу деңгейі бірқалыпты, яғни 80%. Қолды болған 191 бас малдың 26,2%-ы иелеріне қайтарылды. Статистикаға сүйенсек, 2025 жылдың жаз айларында бар болғаны 18 іс тіркелсе, күз айларында 36 дерек тіркелген. Биылғы алты айда – тергеліп

жатқан 28 істің 15-сі өткен жылдың күз айларында орын алған қылмыс деректері (яғни 53,5%-ға көп). Бұл қылмыстың көбі тұрғындардың бейқамдығынан орын алған.

Өткен жылдың қазан айында Казталовта төрт адамнан құралған қылмыстық топ 65 басты қолды қылғаны үшін қылмыстық іс сотта қаралуда. Биылғы қаңтарда Жаңақалада екі адам жеті ірі қараны қорадан ұрлап, бес жылға сотталды. Ал наурызда Бөкей ордасында екі адам жеті жылқы ұрлағаны үшін бес жылға бас бостандығынан айырылды. Одан бөлек Жаңақалада төрт адам екі ірі қара

ұрлап, жауапқа тартылуда. Жалпы облысымыздан тыс басқа өңірлерге ұрланған малдарды тиіп жіберген деректер де орын алды. Атап айтқанда, өткен жылы қазанда Казталовта төрт адам ұсталып, олар Түркістан облысына 26 жылқыны тиіп жібергені анықталды. Сондай-ақ тасымалдаған адам жауапқа тартылып, қазіргі таңда күдіктілерге қатысты сот процесі жүріп жатыр, – деді Асылбек Мақсұтұлы.

Облыста қараусыз малды қамайтын 121 айыппұл тұрағы бекітілген. Биылғы алты айда 2 473 бас мал тұрақтарға тоғытылған. Осы жөнінде об-

иелеріне қатысты Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 408-бабымен (ауыл шаруашылығы жануарлары жаю қағидаларын бұзу) 2016 хаттама толтырылды. Сонымен қатар Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 406-бабы (құжатсыз мал және ет өнімдерін тасымалдау) бойынша 168 дерегі анықталып, хаттама толтыру үшін ветеринариялық қызметіне жолданды.

– Мал ұрлығының алдын алу мақсатында жұмыс тобы құрылып, мал сою орындары мен ет қабылдау пункттерін тексеру жұмысы жүргізі-





теңге бөлінді

ды жаңа оқу жылы басталғанға дейін толық қамту мүмкіндігі туралы сауал қойылды. Саягүл Ғалиеваның айтуынша, көмекке мұқтаж балалар тиісті санат бойынша анықталады. Барынша қолдау көрсетіледі. Биыл бұл мақсатқа облыстық жалпыға бірдей міндетті білім беру қоры арқылы 422 млн теңге бөлінген. Бүгінде 876 оқушының ата-анасының есепшотына жалпы көлемі 45 млн теңге аударылып, әр балаға 50 851 теңгеден көмек көрсетілген. Сонымен қатар акция аяқталғанға дейін қол-

дауға мұқтаж барлық санаттағы баланы қамту жалғасады.

Саягүл Ғалиева бұл шаралар балалардың сапалы білім алуына тең мүмкіндік жасап, жаңа оқу жылына сақдай сай келуіне ықпал ететінін атап өтті.

Конференцияда облыстық білім басқармасы өңір тұрғындарын, кәсіпкерлерді, мекеме басшыларын, үкіметтік емес ұйымдарды және барлық жанашыр азаматты «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясына белсенді қатысуға шақырды.



Облыста жалпы ауданы 52,7 гектарды құрайтын тоғыз орман өрті тіркелді. Ал өткен аптада бес өрт оқиғасы орын алды. Соның ішінде Орал, Чапаев және Январцев коммуналдық мемлекеттік мекемелерінде болған өрт деректері бойынша қызметтік тексерулер жүргізілуде. Бұл туралы ӨКҚ алаңында облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысы Нұрлан Рахымжанов айтты.



Жерден де, көктен де БАҚЫЛАУ КҮШЕЙГЕН

Бүгінде өрт сөндіру техникасын, құрал-жабдықтарды жаңарту, шағын орман патрульдік кешендерін сатып алу, орман өрт сөндіру стансалары мен өрт бақылау мұнараларын салу бағытында жұмыс жүргізілуде.

ҚР Орман кодексі 19-бабының 5-тармағына, ормандардағы өрт қауіпсіздігіне сәйкес, биылғы 10-19 наурызда 2026 жылғы өрт маусымына дайындық бойынша 8 орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемеге, сондай-ақ «Бөкей орда» мемлекеттік табиғи резерватына тақырыптық тексеру жүргізілді. Тексеру қорытындысы дайындықтың өткен жылмен салыстырғанда жақсарғанын көрсетті. Мемлекеттік орман иеленушілердің өрт маусымына дайындығы артты, ал материалдық-техникалық базаны нығайту кезең-кезеңімен жалғасуда.

Өңірдегі жағдайға байланысты орман қорында бірқатар шектеу қолданылады. Атап айтқанда, қызметтік қажеттіліксіз орманға баруға, от жағуға, ашық отты пайдалануға, отты және өрт қауіпін бар технологияларды қолдануға тыйым салынады. Сондай-ақ көлік құралдарының белгіленген орындардан тыс орман алқаптарына кіруіне, өрттің шығуына себеп болуы мүмкін іс-шараларды өткізуге болмайды. Егер өрт қауіпсіздігін бұзып, орман өртін туындатса, жауапқа тартылады. Сонымен қатар ірі залал келтіріп немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеліп соқса, кінәлілер

ҚР Қылмыстық кодексінің 341-бабымен («Ормандарды жою немесе бүлдіру») қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін, – деді Нұрлан Сағынтайұлы.

Өрт қауіпін күшейтетін кезеңнің қауіпсіз өтуін қамтамасыз ету үшін облыста кешенді профилактикалық және ұйымдастыру іс-шаралары жүргізілуде. Осы бағыттағы жұмысты үйлестіруде облыс әкімінің өкімімен төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі облыстық іс-қимыл жоспары бекітілді. Оған қоса орман қорғау мекемелері, құқық қорғау құрылымдары және жергілікті атқарушы құрылымдар арасында 2025-2026 жылдарға арналған бірлескен өзара іс-қимыл және профилактикалық іс-шаралар жоспары жүзеге асуда. Бұл туралы брифингте облыстық төтенше жағдай департаменті бастығының орынбасары Нұралы Мусиев баяндады.

Орманды өртті уақтылы анықтау және тез оқшаулау үшін Ақжайық, Бөрлі, Тайпақ, Орал, Чапаев, Январцев орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесі аумағын қамтитын ерте анықтау жүйесіне қосылған 10 бейнекамера орналасқан. Сондай-ақ департаменттің цифрлық сервистеріне қосылу қамтамасыз етілген. Бұдан бөлек, департаменттің кезекші бөлімі облыста дала және орман аймақтарында жану нүктесін дереу анықтауда «Қазақстан ғарыш сапары» жүйесі арқылы тәулік сайын ғарыштық мониторинг жүр-

гізеді. Сонымен қатар Чапаев ауылындағы орман шаруашылығында «Қазавиаорман-қорғау» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынға тиесілі тікұшақ орналастырылды. Былайша айтқанда, өртті жерден де, көктен де бақылау күшейді. Облыста жағдайдың күрделену қаупін кестеге сәйкес әуеден патрульдеу жұмысы да жолға қойылған.

Бүгінде мобильді топтар өрт қауіпсіздігін бақылауда 901 рейдтік іс-шара өткізді. Қорытындысында талапты бұзған 441 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды, – деді Нұралы Қажымұқанұлы.

Облыстың мемлекеттік орман қоры 224 699 гектарды құрайды. Оның ішінде орманмен қамтылған аумақ – 88 762 гектар.

Мемлекеттік орман қорында 2021-2025 жылдар аралығында 4 640 гектарды шарпыған 59 орман өрті тіркелді, оның ішінде орманмен қамтылған аумақ – 2 003,8 га. Ал биыл (Ақжайық – 1, Орал – 4, Чапаев – 2, Январцев – 1) барлығы 50,7 га аумақты құрайтын 8 орман өрті тіркелді, оның ішінде орманмен қамтылған аумақ 38,5 га құрады. Орын алған өрттердің себептері электр желісі бағандарының құлауы, найзағай түсу және адами факторлар болып табылады.

Қазіргі таңда мекемелерде орман өрті туындаған жағдайда 20 өрт сөндіру аутокөлігі, 49 тіркемелі өрт сөндіру жабдықтарымен жабдықталған тракторлар, 20 тіркемелі өрт сөндіру кешені, 273 аспалы су сепкіштер бар. Алдын алу және оларды ерте анықтауда орман шаруашылығы мекемелерінде 11 өрт бақылау мұнарасы, 11 бейнебақылау камерасы жұмыс істейді.

Биыл As-350 Еврокоптер әуе кемесімен жабдықталған, орманды әуеден жүйелі түрде бақылайтын, оқиға болған жағдайда өртті әуеден сөндіру мақсатында «Қазавиаорман-қорғау» РМҚК ашылды. Орман шаруашылығы мекемелері орман қорында 840 рейд жүргізіп, табиғат қорғау заңнамасын бұзғаны үшін 113 хаттама әзірленді. Оның ішінде өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін 35 хаттама толтырылды. 2026 жылғы алдын алу жоспарына сәйкес 125 шақырым минералданған жолақ, 9 529 шақырым минералданған жолаққа күтім, 445 аншлаг пен билборд орнатылды. 30,5 шақырым орам шекараларын кеңейтіп, тазарту жұмысы жүргізілді, – деді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Марат Молдашев.



Айқарма бет материалдарын дайындағандар Гүлфия ҚОЛҒАНАТОВА, Ернар ЖАҚЫПОВ, «Орал өңірі»



• Облыстық денсаулық сақтау басқармасының назарына!

«Отадан кейін балам оңалмай тұр...»

Облыстық «Орал өңірі» газетінің редакциясына Жәнібек ауданындағы Ұзынкөл ауылының тұрғыны Райымбек Сабырғалиев келіп, 15 жастағы ұлы Бақыттың ота жасалғаннан кейінгі жағдайы ауыр екенін айтып шағымданды.

**Гүлбаршын ӘЖІГЕРЕЕВА,
«Орал өңірі»**

– Биыл 28 сәуірде сағат 5-тер шамасында балам Бақыт Сабырғалиев мотоциклден құлап, сан сүйегін сындырды. Сол күні оны Жәнібектегі аудандық ауруханаға жеткізіп, аяғына гипс салып, Оралдағы облыстық балалар ауруханасына жіберді. Қаладағы дәрігерлер балама 3-4 күннен кейін ота жасалатынын айтты. Алайда ота мамыр айының 20-сында жасалды. Ота бес сағатқа созылды. Балам ота жасалады деп ұзақ күтті. Осыған байланысты жілік майы қанға тарап, тамырларды бітеген. Қан айналымы нашарлап, оттегі жетіспеушілігінен ұлым ота үстінде есінен айырылды. Ес-түссіз 20 күндей жатып, есін жинағанымен мида ишемиялық инсульт белгілері пайда болды. Маусым айының 26-сында палатаға ауыстырылып, ем-дом алды. Шілде айының 17-сінде жағдайы жақсы деп үйге шығарды. Баламның халі айтарлықтай жақсы емес еді, әлі де дәрігерлердің бақылауында болуы тиіс-тұғын. Содан шілденің 30-ында жағдайы нашарлап, аяғы іріңдеген соң, облыстық балалар ауруханасына қайта келдік. Ондағылар: «Неге алып келдіңдер?» деп науқасты қабылдағысы келмеді. Ауылдан бірге келген фельдшер айқайласып, қабылдауға мәжбүрледі. Емдеуші дәрігер Болат Әлібаев балаға екінші мәрте ота жасау керек екендігін айтты. Өйткені біз ұлымыздың отадан аман шығуына кепілдік бар-жоғын сұрап едік, «жоқ» деген жауап естідік. Отадан бас тарттық.

Газет редакциясынан осы мәселені назарға алып, зерттеу жүргізуін өтінеміз. Ендігі

жерде облыстық денсаулық сақтау басқармасы хирургтердің отаны дұрыс не бұрыс жасағанын анықтау үшін комиссия құрып, тексеріс жүргізгенін қалаймыз, – деді Райымбек Сабырғалиев.

«Ерарыса – аруақ» демекші, жүгіріп жүрген баланың солған гүлдей түрін бейнежазбадан көріп, жүрек ауырды. «Өздігінен жүріп-тұрмақ түгілі, санасы сансыраған, ақыл-есі кемігенге ұқсайды», – деді әкесі. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшылығына шығып, облыстық балалар ауруханасындағы ота жасаған дәрігерлермен кездесуге асықтық. Алайда жолымыз болмады. Травматолог-ортопед дәрігер Арман Даупаев қандай мәселемен келгенімізді естіген бойда: «Алдымен заңгермен ақылдасып, сосын сөйлесемін» деп жауап беруден бас тартты. Ал жарақат бөлімінің меңгерушісі, Бақыт Сабырғалиевтың емдеуші дәрігері Болат Әлібаевтың отадан қолы босаған кезде тілдесті. Газет редакциясына Райымбекпен бірге келген қарындасы Шолпан Ахметәлиева ауруханада баласын қарап, күтімін жасап жүрген жүрген жеңгесі Зылиха Тәндібаеваға хабарласты. Дәлізге шыққан науқас ұлдың анасымен аз-кем тілдестік.

АНАНЫҢ ЗАПЫРАН ӨКІНІШІ

– Аяғы іріңдеп тұр. Сап-сау баламды ауру қылды, содан отадан бас тарттық. Астанаға апарамыз дедік. Онда апаруға мұндағылар келісті. Гемоглобині төмен (94), соны көтеру керек. Қазір антибиотиктер беріп, жарақатты өңдеп, таңудан басқа ем-шара жасалып жатқан жоқ. Ұлым Бақыт



**Бақыт Сабырғалиев
отаға дейін**

биыл 10-сыныпқа көшті. Ота уақытында жасалмады. Ешуақытта ауырмаған, сап-сау бала еді. Сол оқыс оқиға болатын күні Астанадан келе жатқан едім. Балаларды нағашы апасының қарауына тапсырғанмын. Өзім қытайдың мотоциклімен мал қарайтынмын. Балаларға бермейтінмін. Досыма қой бағуға көмектесемін деп мотоциклді жалынып сұрап алыпты. Екі бала мотоциклден құлаған. Бақыттың сан сүйегі сынған. Сәуірдің 29-ында облыстық балалар ауруханасына түсті, содан ота мамырдың 20-сы күні жасалды. Аяғының ісігі басылсын, сіңірі қыстырылып қалған, мереке-мейрамнан кейін деп соза берді. Баланы алып кетеміз, басқа жерге апарамыз дегенімізде, науқасты «переломмен» жібере алмаймыз деді. Сап-сау балам осылайша ауру болып қалды. Алдында Ресейдің Самара қаласындағы дәрігерлермен сөйлескенбіз, олар қабылдамады. Санавиациямен Астанаға жіберуді сұрап отырмыз, ол жақтағылар қабылдаймыз депті. Өкінішім зор. Үйде Бақыттың төрт бауыры бар, жұбайым Астанада жұмыста. Ота жасалмайды деген соң, ауылға барып, үйдегілерді көріп келейін деп ауылға кеттім. Ота жасалатын күнді бұрынырақ айтарсыздар деп емдеуші дәрігеріне ескерткенмін. Маған айтылмады. Мамырдың 21-інде жолда Оралға келе жатсам, дәрігер келсін деп шақыртыпты. Келсем, балам ес-түссіз жатыр, – деп Зылиха көзден аққан жасын тия алмай, үнсіз қалды. «Менің бар арманым – ұлымды аяққа тұрғызу, содан кейін оңалту. «Переломмен» жібере алмаймыз дегендеріне қарамай жеке бөлніске алып кетуім керек еді. Мұндай жағдайға душар болмас па еді... Нақақ әкелгеніме өкінемін. Түркияға апарар едім, 35 млн теңге керек», – деген ол ауыр күрсінді.

Зылиха Тәндібаева – бес баланың анасы. Жұбайы Райымбек екеуі де жұмыста жоқ. Бақыт ауырғалы бері әкесі Райымбек те құрылыстағы жұмысын тастады. Бар мақсат-мүдде – баланы саулықтыру ғана.



«ҰЗАҚ ЖАТЫП ҚАЛУДЫҢ САЛДАРЫ ЕМЕС»

Жарақат бөлімінің меңгерушісі, науқас Бақыттың емдеуші дәрігері, травмото-



лог-ортопед Болат Әлібаевқа (суретте) балаға неге ота жай жасалғанын сұрадық. Ота әдетте әрі кетсе он шақты күннен кейін жасала бермеуші ме еді деген сауалды қойдық. Болат Аманкелдіұлының түсіндіруінше, медицинада сынған сүйекті алдымен қаңқалық тарттыру арнайы құрылғысымен тарттырып, етін қалпына келтіреді.

– Науқастың сан сүйегі ұсақталып сынған. Қаңқалық тарттыру құрылғысына тарттырып қойдық. Өйткені сүйек сынғанда ет босап кетеді. Бұл да сынған сүйекті емдеудің бір әдісі. Сан сүйегі – адам ағзасындағы үлкен жілік. Баланың сынған сан сүйегі жабық ығысқан сы-

нық түріне жатады. Әдетте сынған орында ісік болады. Ісігі басылған соң, ота жасалады. Бұл жолы да солай болды. Науқастың қазіргі отадан кейінгі жағдайы отаны күтіп, ұзақ жатып қалудың салдары емес. Отаға дейін баланың жағдайы жақсы болды, емін-еркін сөйледі. Анасы баласының қасында болып, күтім жасады. Мектеп бітіретін балаларым бар деп сұранып кетті. Отаға ата-анасының келісімі бала ауруханаға түскенде алынды. Ота дегеніңіз баланың жағдайына қарай жасалды. Ота он күннен кейін, кейде бір айдан кейін жасала береді. Бізде күніне 8-9 ота жасалады. Жоспарлы, шұғыл түрде жасалатын ота бар. Отаны тәжірибелі дәрігерлер Арман Даупаев пен Данияр Исағалиев жасады. Ота нәтижелі өтті. Өйткені одан кейін бақылау рентгенге түсіріледі. Әр отаның ерекшеліктері, отадан кейін асқыну үдерістері болады. Бақыттың жағдайында отадан кейін асқыну болып тұр. Медицинада май эмболиясы синдромы деген түсінік бар. Бұл – май түйіршіктерінің қанға сіңуі. Жілік майы қанға сіңеді. Ол еритін зат емес, сондықтан ұсақ қан тамырларын бітейді. Тамыр бітелген соң тамырға қан бар-



майды. Науқаста осы жағдай болды. Бауыр, бүйрек жұмыс істемей қалды. Ми тамырлары бітеліп қалды. Осылайша отадан кейін асқынулар, «полиорганный недостаточность» орын алды. Мұндай статистика әлемдік деңгейде болып жатыр. Одан көз жұмғандар да бар. Ол 12-24 сағат ішінде білінеді. Бала ішкі ағзалары жұмыс істемегеннен кейін, шок жағдайына түсті. Ішкі ағзалар жұмыс істемей, бірін-бірі улады. Бастағы тамыр бітелген соң, инсульт алды. Осындай жайттардан кейін науқастың жағдайы ауыр болды. Телемедицинаға жүгініп, Қазақстанның мықты деген реаниматолог, анестезиолог, нефролог, невропатолог мамандарына шығып, ақылдастық. Балаға гемодиализ жасалды. Қаны ГДФ-пен тазартылды. Бір айдың үстінде жан сақтау бөлмесінде жатты. Сол ауыр халден шықты. Қазір сол жағдайдың салдары байқалады. Науқаста арықтау, бұлшық етінің семуі, әлсіреу жайы және неврологиялық өзгерістер бар. Ата-анасы бала ештеңені түсінбейді дейді. Әрине, миының көп бөлігі зақым алды. Болған жағдайлардың салдары деуге болады, – деді Болат Әлібаев.

Науқастың ата-анасы баламызға наркоз көп мөлшерде беріліп, содан кейін комаға түсуі мүмкін деген күдігін Әлібаев жоққа шығарды. Ондай препараттың мөлшермен берілетінін айтты. «Бақыттың тамақ ішуі, үлкен-кіші дәреті дұрыс болды. Дәрі-дәрмегін қабылдап болды. Суланып тұрған ота орнындағы таңғышты ауыстыру, күтімін жасау үйде жалғассын деп ауруханадан шығардық. Бір айдан кейін реабилитациялық орталыққа баруы тиіс еді. Бірақ жарасы жазылмай, ота жасаған тесік ұлғайып, ауруханаға қайта келді. Бала өзін саналы билей алмағандықтан, жарақатын тырнап, қозғап, содан инфекция түсуі де мүмкін», – деп түсіндірді науқасты үйге шығару себебі туралы емдеуші дәрігер Болат Аманкелдіұлы. «Екінші ота не үшін жасалады?» деген сұрағымызға: «Жабылмай тұрған жарадан іштегі сұйықтық бөлінеді. Ол іріңдеп тұрған жоқ. Іріңдесе, қызу көтеріледі. Сол ойықты жабу мақсатында ота жасауымыз керек. Ешбір хирург отадан кейін асқыну болмайды деп кепілдік бере алмайды. Он үш жылдан бері ота жасап жүрмін. Күніне 8-9 ота жасаймын. Жаз шыға жарақат алушылар көбейеді. Мыңнан бірінде асқыну жағдайы болуы мүмкін. Науқасты ата-анасы Астанаға апаруды сұрап отыр. Қазір соған

дейін кейбір көрсеткіштерді қалыпқа келтіруге ем-шара алудамыз», – деді Б. Әлібаев.

ОТА ҚАЛАЙ ЖАСАЛДЫ?

Травматолог-ортопед дәрігер Арман Даупаев сан сүйегі сынған Бақыт Сабырғалиевқа жасалған отаның сәтті өткеніне сенімді. «Ота протоколға сәйкес 4,5 сағатта өтті. Жілік ұсақталып сынған. Іс жүзінде реконструкциялық ота жа-



салды. Мұндай күрделі отаға 4,5 сағат сыйымды. Ол уақытқа отаға дайындау, рентгенге түсіру кіреді. Менің ота жасап жүргеніме алты жылға аяқ басты. Ота қалыпты, сәтті өтті деп есептеймін. Науқасқа қашан ота жасалатынын емдеуші дәрігер шешеді. Бізге тек ота жасатуға келеді», – деді Арман Даупаев (**суретте**).

Бақыттың аяғына ота жасауға қатысқан көмекші травматолог-ортопед Данияр Исағалиевтың пікірінше, қандай ма ота болмасын, оңай болмайды. «Ота әдеттегідей протокол негізінде жасалды. Отаның жасалу уақыты сынықтың күрделілігіне байланысты. «Осколочный перелом» болған соң, ұсақталған сүйектер орнына келтірілді. Біз отадан кейін ауыр жағдай болады деп күткен жоқпыз. Күнделікті жасап жүрген отамыздың бірі ғой. Ата-ананың ренішін, қызметімізге сенімсіздік танытып отырғандарын түсінемін. Жол көлік оқиғасына түскен адамдарға да жасап жүрміз. Сан сүйегі сынып, бас жарақатымен келеді. Ондайда алдымен нейрохирургтер басына ота жасайды. Содан кейін бір айдан кейін сан сүйегіне ота жасаймыз. Дәл осындай ота ғой. Ота сәл бұрынырақ жасалғанда да, мұндай жағдай болуы мүмкін еді. Ота уақытында баланың жағдайы қалыпты болды. Отадан кейін май эмболиясы синдромы, асқынулар болды. Мұндай жағдай әлемдік тәжірибеде бар, одан адам өліп те кетеді. Бірақ ондай жағдай көп ұшыраспайды», – деді Данияр Исағалиев.

Облыстық көпбейінді балалар ауруханасы директорының міндетін уақытша атқарушы Венера Елеусінова (**суретте**) Бақыттың жағдайыннан хабардар. Отадан кейінгі жағдайды асқыну, май эмболиясы синдромы-



нан деп түсіндірді. «Мотоциклден құлаған баланың сан сүйегі орнынан ығысып, уақталып қалған. Қаңқалық тарту әдісінен кейін сүйек орнына келмей, ота жасалды. Ота жасаған дәрігер Арман Даупаев – тәжірибелі маман. Бірер жыл турасында Астанада біліктілігін жетілдірді. Дәрігерлер білім-біліктіліктерін жетілдіру оқуларына барып жүр. Отадан кейін телемедицина арқылы Алматы қаласындағы «Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы» АҚ-мен, ҚР ДСМ бас штаттан тыс балалар анестезиолог-реаниматологы Гүлшат Әлімхановамен, Астанадағы «УМС» корпоративтік қорының неврологы Латина Текебаевамен және Астана қаласы ҚДБ бас штаттан тыс балалар нефрологы Самат Исаковпен кеңес өткізілді. Ота ұзақ жасалды дегенге келсек, алдымен науқасты отаға дайындайды, наркоз береді. Реаниматологтер отаны бастаңыз деп рұқсат береді. Наркоз науқастың салмағына қарай беріледі. Алдағы тамыздың 10-ында Астана қаласындағы балалар ауруханасына науқас баланың ауру тарихының көшірмесін жолдаймыз. Штаттан тыс балалар травматог-ортопед маманмен сөйлесіп отырмыз. Санавиациямен жібереміз», – деді Венера Жаукенқызы.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Айнаш Ғұбайдуллина да науқастың жағдайы бақылауда екенін айтты. «Тамыздың 10-ынан кейін Астана қалалық балалар клиникалық ауруханасына науқас баланың ауру тарихының көшірмесі жолданады. Осы аурухананың ортопед дәрігері еңбек демалысынан жұмысқа шығады. Ауру тарихымен танысқан соң, баланы ауруханға жатқызу күнін айтады. Біз сол күнге порталға салып, науқасты сонда жолдаймыз. Аталған отаға қатысты комиссиялық тексеріс болады», – деді Айнаш Ғұбайдуллина.

Қорыта айтар болсақ, дәрігерлер баланың аурудан жазылуына уақыт керек екендігін айтады. Алдымен аяғындағы ота тесігін бітеуге ота жасалмақ. Содан кейін инсульттан сауығу үшін оңалту шараларынан өтуі керек. Бұл жағдай облыстық газеттің назарында болмақ.



Аттестацияға арналған «Күңгірт дәліз»

Орал қалалық соты қашықтан медицина қызметкерлерінің білімін бағалау нәтижелерін бұрмалау схемасын ұйымдастырған төрт адамға қатысты үкім шығарды.

Ясипа РАБАЕВА,
«Орал өңірі»

Облыстық соттың баспасөз қызметінің хабарлауынша, қылмыстық істің мәнжайы былайша өрбіген. Сот талқылауы барысында анықталғандай, 2018-2025 жылдар аралығында «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ (ҰТЕО) БҚО бойынша өңірлік сарапшысы «exam.ncie.kz» ақпараттық жүйесінде аттестациялық тестілеуден өту кезінде жекелеген медицина қызметкерлеріне заңсыз көмек көрсету схемасын ұйымдастырған. Ол қылмыстық ойды жүзеге асыру үшін өңірлік сарапшының көмекшісін, сондай-ақ IT-технологиялар саласындағы екі маманды тартқан. Осылайша сарапшы жалпы басшылықты, кандидаттарды іздеуді, ақшалай қаражатты алуды және оларды бөлуді жүзеге асырған. Көмекшісі кандидаттарды іздеуге, ақша жинауға және тестілеуді ұйымдастыруға қатысқан. Ал IT-маман-дар қашықтан қол жеткізу бағдарламалары (AnyDesk, Radmin) арқылы емтихан компьютерлеріне қашықтан қосылып, тест материалдарын заңсыз көшірген және кандидаттардың атынан дұрыс жауаптарды енгізіп отырған.

Бұл төртеуі заңсыз табыс тапқан. Атап айтсақ, тестілеуді бұрмалағаны үшін кандидаттардан алынған ақшалай қаражаттың жалпы сомасы 4 032 000 теңгеден асты. Олар мемлекетке айтарлықтай залал келтірді. Жалған мәліметтерді енгізу салдарынан білімі мен дағдылары дәлелденбеген медицина қызметкерлері заңсыз түрде біліктілік санаттары мен сертификаттар алған. Осы құжаттардың негізінде бюджеттің және жұмыс берушілердің

қаражаты есебінен оларға 16 524 446 теңге лауазымдық жалақыларына қосымша ақы төленген. Ал ұйымның, яғни «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ-ның іскерлік беделіне нұқсан келтіріліп, қаржылай шығынға ұшырады.

Орал қалалық соты денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалаудың ақпараттық жүйесіне көрінеу жалған ақпаратты қасақана заңсыз енгізгені үшін кінәлі деп танылған төрт азаматқа (А., К., М. және С.) қатысты үкімді жария етті. Атап айтсақ, ҚР Қылмыстық кодексінің 206-бабы (Ақпаратты құқыққа сыйымсыз жою немесе түрлендіру) 2-бөлігінің 2-тармағы, ал А.-ға қатысты осы кодекстің 28-бабының (Қылмыстық құқықбұзушылыққа сыбайлас қатысушылардың түрлері) 3-бөлігі бойынша ұйымдастырушы ретінде де үкім тыңдалды.

Сотталушылар кінәларын толықтай мойындап, жасаған істеріне өкініш білдірді және істі қысқартылған тәртіппен қарауды сұрады. Жасалған қылмыстық құқықбұзушылық шағын ауырлықтағы қылмыстар санатына жатады. Басты ұйымдастырушыға 1 жыл мерзімге денсаулық сақтау саласындағы мамандардың біліктілігін бағалау қызметімен айналысу құқығынан айыра отырып, бір жылға бостандығын шектеу жазасы тағайындалды. Қалған үшеуіне бір жылға бостандығын шектеу жазасы тағайындалды. «Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» ҚР 2025 жылғы 23 маусымдағы заңының 2-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы негізінде төрт сотталушы да негізгі жазадан (бостандықты шектеуден) босатылды.

Үкім заңды күшіне енген жоқ.



Адал еңбегімен үлгі болды

Балалығын соғыс ұрпақтың өкілдері қабырғасы қатпай жатып ауыр бейнеттің дәмін татқаны белгілі. Олардың арасында соғыс басталған кезде 7-класты бітіріп, бірден колхоз жұмысына араласқан Ермек Айсариев те болды. Жеңіс таңы атқан соң, ол институтқа түсіп, мұғалімдік мамандық алды. Сөйтіп саналы ғұмырын білім саласына, партия ұйымдарында қызмет етуге арнады.



Ермек (Есімғали) Шүкірұлы 1928 жылдың 8 тамызында Камен (Тасқала) ауданының К. Маркс атындағы колхоздың Белоусов бөлімшесінде дүниеге келді. Білімге құштар жас 1946 жылы Оралдағы А. Пушкин атындағы пединститутқа түсіп, жағрафия пәнінің мұғалімі мамандығын алып шықты. Еңбек жолын туған жерінде, яғни Тасқала ауданының II Шежін мектебінде мұғалім болып бастады. Мектепте өнер бағытындағы үйірмелерді ұйымдастырып, музыка пәнінен де сабақ берді. Бір жылдан кейін аудандық оқу бөлімінің аға инспекторы қызметіне ауысты. Одан кейін Н. Крупская атындағы мектепте ди-

ректор болып төрт жыл абыройлы еңбек етті. Мұнда келгенде көп мұғалімнің білім саласынан мүлдем алыс екенін біліп, олардың арнайы білім алуына күш салды. Нақтылап айтқанда, оларды жеделдетілген оқу бағдарламасы бойынша оқытылатын курстарға жіберіп, кейін сырттай жоғары білім алуларына жәрдемдесті. Қаладан ауылға келіп мұғалім болып, артынан үлкен педагогке айналғандар қатарында Наталья Смелина, Рашида Валиева, Екатерина Азовскаялар да бар еді.

Уақыт өте келе денсаулығы сыр беруіне байланысты Ермек Шүкірұлына білім саласындағы қызметін ауыстыруға тура келді. Сөйтіп ол Н. Крупская атындағы кеңшардағы жұмысшылар комитетінің төрағасы қызметіне кірісті. Бұл қызмет арқылы ол халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларымен жақынырақ таныса бастады. Содан соң Зеленов ауданындағы «Шипов» кеңшары жұмысшы-өндірістік басқармасында кәсіподақ комитетінің төрағасы болып еңбек етті. Еңбегі жеміссіз болған жоқ. Кәсіподақтың негізі жұмы-

сы – жұмысшылардың құқығын қорғау. Ол кеңшарға келген бойда мал шаруашылығы саласындағы қызметкерлердің еңбекақысына қосымша ақы төленбегенін байқады. Сол кездегі заңнамаға сәйкес бақташылардың баққан малының түріне, алынатын төліне, өнімінің сапасына, аймақтық жер жағдайларына қарай олардың еңбекақыларына 45-55 пайыз қосымша ақы төленуі тиіс болатын. Оны төлеу жергілікті жерден жүргізілетін. Е. Айсариевтің қолға алуымен көп кешікпей малшыларға, жүргізушілерге қосымша ақы төлене бастады.

Казталов ауданында еңбек етіп жүргенінде ауылдағы әйелдердің денсаулығын оңалтып, шипажайларға барып, ем алуларын мықтап қолға алды. Мысалы «Бостандық» кеңшарының бір жас жігіті Жаңақала жақтың бір қызына үйленіп, бірнеше жыл өтсе де, бір шаранаға зар болған. Дәрігерлер де әйелге емделу керек дейді. Ал оған жігіттің мүмкіндігі болған жоқ. Жас отбасының тағдырына алаңдаған Ерақан облыстық кәсіподақ комитетінен жол-

дама алғызып, қалтасына ақша салып, жас отбасы мүшелерін Ялтаға емдетуге жіберген. Бір жылдан соң балалы болған олардың қуанышы шексіз еді. Мұндай жағдай «Шипов» кеңшарында да болды. Ялтаға барып емделіп келген жас әйел кейін үш баланың анасы атанды.

Ерекең балалар құқығын қорғауға аса көңіл бөлді. Он алты жасқа толмағандарды ауыр жұмысқа қоймау, жарақат алатындай қауіпті жерлерге жібермеу, артық жұмыс істетпеу, еңбекақысына қосымша ақы төлеу сияқты мәселелерге қатаң қарады.

Еңбек адамын құрметтеу Ермек Шүкірұлының басты мақсатына айналды. Өзі де еңбек етуге ерінбеді. Ол партия комитетінің ауыл шаруашылық жұмысшылары кәсіподағының, партия комитеті тексеру комиссиясының мүшесі болды.

1971 жылдан бастап Ерақан партия қызметіне ауысты. Тасқала ауданындағы Ленин атындағы совхоздың партком хатшысы болып сайланды. Алты жылдан соң аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі қызметіне

ауысты. Содан соң «Шипов» совхозының партия ұйымының хатшысы болып сайланды. 1983-87 жылдары Камен аудандық тұрмыстық қамту комбинатының директоры, «Красный Маяк» совхозының жұмысшылар комитетінің төрағасы болып еңбек етті. Одан кейін зейнетке шыққанынша Орал қаласындағы №12 орта мектепте қазақ тілі пәнінің мұғалімі болып еңбек етті.

Адал еңбегінің нәтижесінде «Құрмет белгісі» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» және басқа да көптеген медальдармен марапатталған.

Ермек Шүкірұлы Гүлжиян жеңгей екеуі 5 қыз тәрбиелеп өсірді. Бәрі жоғары білімді маман болды. Өкінішке орай, үлкен қызы Октябрина жол апатынан қаза болып кетті.

Айта кету керек, біз Ермек екеуміз бір анадан тудық. Ол менен сегіз жас үлкен. Балалық шағымыз бірге өтті. Дүниеден өткенінше араласып тұрдық. Аға ретінде ақыл-кеңесін айтып, бағыт-бағдарын берді.

Қорыта айтқанда, Құдайдың берген ғұмырын адалдықпен өткізген Ермек ағамыз ғасырға жуық өмір кешті. Нақтылап айтқанда, елге сыйлы азамат 97 жасына қараған шағында дүниеден озды. Саналы өмірін адамгершілік пен адал еңбекке арнаған Ермек Шүкірұлының иманы жолдас, топырағы торқа болғай деп отырамыз ылғи.

**Мұфтахим
ШЫНБАЕВ,
еңбек ардагері,
Орал қаласы**

«Qazaq Kalium LTD» ЖК «Сатимола» кен орны базасында калий тұздарының КБК I кезегін салу» жобасына құрылыс-монтаждау жұмыстары кезеңіне әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін жобалық материалдар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Базаршолан а. о., Ақжайық ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

Қоғамдық тыңдаудың өтетін орны, күні мен уақыты: 2026 жылғы 11 қыркүйек сағат 10:00-де. Базаршоланский а.о., Базаршолан а., Қабдығали Оразов к-сі, 2. Мәдениет үйі. ZOOM платформасы арқылы онлайн қосылу. **Конференция идентификациясы:** 841 2239 6854, **кіру коды:** 089598.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Qazaq kalium LTD» ЖК, БСН 950440001366, Астана қ., Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 37/10 ғимарат. Тел: +7-707-599-10-05.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Есо Јер» ЖШС, БСН 200640023864, Қарағанды қ., Әлиханов к-сі, 37, ҚҚ. 627, тел: 8-(7212)-31-98-76.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, содан кейін жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен ndbecology.gov.kz порталында «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады. Барлық ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz порталында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Жергілікті атқарушы құрылым: «Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ: zko_forest@bko.gov.kz, БҚО, Орал қаласы, Сарайшық көшесі 47, 8 (7112)-24-09-76.

Қосымша ақпаратты esojer@mail.ru электронды поштасы арқылы және +7 (7212) 31-98-76 телефоны бойынша алуға болады.

«Диана-плюс» ЖШС БСН 061040005241 серіктестікке қатысушыларға Серіктестікке қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысы 2026 жылғы 7 қыркүйекте сағат 15:00-де Googlemeet мессенджерін пайдалану арқылы бейнеконференция режимінде өткізілетіні туралы хабарлайды.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Сармасаев Асет Маратович, Сармасаева Карлыгаш Маратовна және Меченбаева Анара Булатовнаның Серіктестіктің жарғылық капиталындағы

өздеріне тиесілі үлестерін сату туралы өтініштерін қарау.

2. Серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесті иеліктен шығаруға келісім беру.

3. «Диана-плюс» ЖШС-ның қазіргі Басқарма төрағасының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату.

4. «Диана-плюс» ЖШС-ның Басқарма төрағасын сайлау, оның өкілеттік мерзімін және қызметіне кірісу күнін айқындау.

Басқарма төрағасы: А. САРМАСАЕВ

Жұмысшының жаны аман қалды



Тамыздың екісі күні облыстық төтенше жағдайлар департаментінің құтқарушылары Оралдағы Абай даңғылы бойында құрылыс барысында зардап шеккен 1966 жылы туған ер адамға көмек көрсетті.

Облыстық ТЖД баспасөз қызметінің хабарлауынша, іргетасты оқшаулап жатқанда құрылыс алаңында ер адамды топырақ басып қалып, ол өздігінен шыға алмай қалған. Құтқарушылар ер адамды шұңқырдан шығарып, медициналық тексеруден өткізу үшін жедел жәрдем бригадасын шақырды.

Өз тілшіміз



ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев соғыс және еңбек ардагері, «Халық Қаһарманы» Иван Гапичтің дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасына көңіл айтты.

– Иван Степанович майданға өз еркімен аттанып, байланысшы ретінде соғыстың соңына дейін қатысты. Елге оралған соң ұзақ жыл бойы прокуратура құрылымдарында мінсіз қызмет атқарды. Адамгершілік қағидаттарынан айнымайтын әрі өз ісінің нағыз маманы ретінде ол әріптестері мен көпшілік арасында зор абыройға ие болып, құрметке бөленді. Иван Степанович ғұмыр жолында жасампаз патриотизмнің, антқа адалдықтың және әділдік құндылықтарын берік ұстанудың жоғары үлгісін көрсетті. Оның жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады, – деп жазылған жеделхатта.

aqorda.kz

Гапичтер әулетіне көңіл айту хаты

Соғыс және еңбек ардагері, «Халық Қаһарманы» Иван Гапичтің дүниеден озуына байланысты қайғыларыңызға ортақтасып, көңіл айтамын.

Иван Степанович майдан даласында Польшаны, Чехословакияны, Украинаны азат етуге атсалысты. Мәскеуде өткен бірінші Жеңіс шеруіне қатысты. Соғыстан кейінгі жылдары прокуратура құрылымдарында еселі еңбек етті. Оның ерлікпен, еңбекпен өрілген өмір жолы – қайсар рух пен отансүйгіштіктің озық үлгісі.

Ағамыз үнемі ақ батасын беріп, елдің амандығын, жердің тұтастығын тілеп отырушы еді. Өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге де ерекше үлес қосты.

Марқұмның ерлігі мен жарқын бейнесі ел жадында сақталады. Жатқан жері жарық, топырағы торқа болғай.

Нариман ТӨРЕҒАЛИЕВ,
Батыс Қазақстан облысының әкімі

Жарқырап өткен жарқын бейне

Батыс Қазақстан облысының прокуратурасы ұжымы «Халық Қаһарманы», Ұлы Отан соғысының және прокуратура құрылымдарының ардагері, КСРО және Қазақстан Республикасы прокуратурасының құрметті қызметкері, Орал қаласы мен Батыс Қазақстан облысының құрметті азаматы Иван Степанович Гапичтің дүниеден озуына байланысты орны толмас қайғыға ортақтасып, туған-туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтады.

Иван Степанович Гапич – ел тарихында өшпес із қалдырған, саналы ғұмырын Отанға адал қызмет етуге, заң үстемдігін қамтамасыз етуге және прокуратура құрылымдарының дамуына арнаған көрнекті тұлға.

Жастық шағы Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарымен тұспа-тұс келген ол еш ойланбастан майданға аттанып, Мәскеуден Кенигсбергке дейінгі сұрапыл шайқастарға қатысты. Жау тылындағы жауапты тапсырмаларды орындап, әскери байланысты қамтамасыз етті. 1945 жылғы 24 маусымда Мәскеудің Қызыл алаңында өткен тарихи Жеңіс шеруіне қатысуы – оның жауынгерлік жолындағы ерекше белестердің бірі. Майдандағы жанқиярлық ерлігі үшін көптеген жауынгерлік ордендермен және медальдармен марапатталды.

Соғыстан кейін заңгер мамандығын меңгеріп, бүкіл еңбек жолын прокуратура құрылымдарына арнады. Қазақстан прокуратурасы жүйесінде 35 жылдан астам уақыт мінсіз қызмет атқарып, жауапты басшылық лауазымдарда еңбек етті. 1966 жылдан бастап жиырма жылдан астам уақыт Батыс Қазақстан облысы прокуратураның бірінші орынбасары болып қызмет етіп, өңірдегі заңдылықты нығайтуға, прокуратура құрылымдарының кәсіби әлеуетін арттыруға және жас мамандарды тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосты.

Мемлекет пен қоғам алдындағы ерен еңбегі



жоғары бағаланып, көптеген мемлекеттік наградалармен, құрметті атақтармен марапатталды. 2023 жылы оған Қазақстан Республикасының ең жоғары ерекшелік дәрежесі – «Халық Қаһарманы» атағы берілді.

Иван Степановичтің қарапайымдылығы, биік адамгершілігі, принципшілдігі, Отанға деген адалдығы мен қызметіне деген жауапкершілігі оны білетін әрбір жанның жүрегінде ұзақ сақталады. Оның өнегелі өмір жолы мен жарқын бейнесі прокуратура қызметкерлерінің бірнеше буыны үшін үлгі болып қала береді.

Марқұмның отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, ауыр қазаға байланысты көңіл айтамыз. Иван Степановичтің жарқын рухы жадымызда мәңгілік сақталады.

Батыс Қазақстан облысы прокуратурасының ұжымы

Иван Степанович ГАПИЧ

Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері, «Халық Қаһарманы» атағының иесі, прокуратураның құрметті қызметкері, Батыс Қазақстан облысының және Орал қаласының құрметті азаматы Иван Степанович Гапич 104 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Иван Степанович Гапич 1923 жылдың 2 ақпанында Ақмола қаласында (қазіргі Астана) жұмысшы отбасында дүниеге келген. Оның балалық және жастық шағы Қарағанды қаласында өтті. Ол аталған шаһарда мектеп табалдырығын аттап, білім алды. Жасөспірім шағында кітап оқуға құштар болып, спортпен де шұғылданды. Бокс, шаңғы тебу, футбол және спорттық гимнастикамен айналысты.

Иван Степановичтің Алматы қаласына спорттық гимнастикадан республикалық жарысқа барған кезінде соғыстың оты тұтанады. Сол сапарда жүргенде соғыстың басталғанын естіді. Ол 17 жасында, орта мектептің 9-сыныбын бітіргеннен кейін майданға аттанды. Ташкент әскери байланыс училищесінде радиотелеграфист курсына тәмамдап, кейін Батыс майданының штабын байланыспен қамтамасыз еткен 375-ші жеке Орша Қызыл Жұлдыз орденді радиодивизионға жіберілді. Соғыстың соңына дейін осы дивизион құрамында болды.

1942 жылдың қаңтар айының соңында радиотелеграфист Гапич жау басып алған РФ-ның Смоленск облысына жіберіліп, арнайы мақсаттағы отряд құрамында жауға қарсы диверсиялық күреске қатысты. Ол 18 жасқа толмай жатып, өзінің алғашқы награда – «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Кейін Беларусь пен Литваны азат етуге, Кенигсбергті алуға қатысты. Жеңіс күнін Кенигсбергте қарсы алды. Сондай-ақ Иван Степанович Кенигсбергте жүргенде 1-Прибалтика майданының полкі құрамында Мәскеудегі алғашқы Жеңіс шеруіне қатысуға қабылданғанын естиді. Осынау тарихи оқиға 1945 жылдың 24 маусымында Мәскеудің Қызыл алаңында өтіп, жеңімпаздардың сапында 22 жасар Иван Гапич та болды.

Иван Степанович Гапич 1947 жылы әскери қызметтен босатылды. Одан кейін Алматы мемлекеттік заң институтын тәмамдап, туған жері Қарағандыға оралды. Еңбек жолын Қарағанды қаласының Шахтинск аудандық прокуратурасында прокурордың көмекшісі болып бастады. Оның еңбек кітапшасында қалалық про-



куратура тергеушісі, қалалық прокурордың тергеу жөніндегі көмекшісі, Қарағанды облысы тергеу бөлімінің прокуроры, Қарағанды қаласындағы Сталин аудандық прокуроры және басқа да жоғары лауазымды қызметтерді атқарды.

1956 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы прокурорының орынбасары болып тағайындалды. Кейін Көкшетау облысының прокуроры қызметін атқарды. Осы лауазымдағы конституциялық өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін республика прокурорының шешімімен Алматыдағы Қазақ КСР прокуратурасының Орталық аппаратына шақырылып, аса маңызды істер жөніндегі тергеуші болып еңбек еткен.

1966 жылы Қазақстан прокуратурасы қызметінде аты аңызға айналған досы әрі әріптесі Нұрғали Смағұловтың шақыруымен Орал қаласына қоныс аударады. Иван Степанович облыс прокурорының бірінші орынбасары қызметінде 20 жыл еңбек етіп, құрметті демалысқа шықты. Алайда зейнеткерлікке шыққаннан кейін де ардагер қоғамдық өмірден қол үзген жоқ. Жастарға патриоттық тәрбие беруге белсене атсалысып, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге бола білген еді.

2023 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Иван Степанович Гапичке Қазақстанның жоғары дәрежелі «Халық Қаһарманы» атағы беріліп, ерекше айрықша белгі – Алтын жұлдыз бен «Отан» ордені табысталды. Ардақты ардагердің 100 жылдық мерейтойына орай «Иван Гапич. Ар-намыс пен парыз адамы» атты кітап жарық көріп, «Хабар» агенттігі түсірген «Иван Гапич. Жауынгер жолы» атты деректі фильм көрерменге ұсынылды. Орны толмас ауыр қазаға байланысты марқұмның туған-туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамыз.

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі,
облыстық мәслихат және облыстық ардагерлер кеңесі





Құттықтаймыз!

Облыстық «Орал өңірі» газетінің тілшісі, әріптесіміз әрі жас ақын Жанерке Мерекеқызын тұңғыш перзентінің өмірге келуімен шын жүректен құттықтаймыз! Кестетөгер періштенің бауы берік болсын. Отағасы Данияр екеуіңіз сәбидің пәк күлкісіне тоймай, тәтті қылығын қызықтай беріңіздер. Шаңырақ шаттығын еселеген нәрестенің әр күні қуаныш пен мейірімге толғай! Қадамы құт, өмір жолы ұзақ, бағы баянды болғай!

Тоғыз ай тербегенде құрсағын үн,
Бақыты сарқылмасын гүл шағыңның.
Оқырман жыр-мақала тосып жүрген,
Перзенті келді өмірге тілші арудың.

Алғысын ал ел-жұрттың, қарияңның,
Берекесін еселеп жанұяңның.
Ұрпағын әулетіңнің өрістетіп,
Көбейткесің ұл-қызын Даниярдың.

Не жетеді көңілдің белесіне?!
Нұр төгілген өмірдің өресіне.
Бақыттың шамын жағып, жетсін дейміз,
Алтын алқа тағудың межесіне.

Ізгі тілекпен:
«Орал өңірі» газетінің
ұжымы

Кітапханадағы кеңес

Қоғамның дамуы мен мемлекет болашағы азаматтардың адалдығы мен парасаттылығына тікелей байланысты. Осы мақсатта №4 қалалық кітапханасында оқырмандар арасында «Адалдықтың жаршысы бол!» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.



Іс-шараның мақсаты – оқырмандардың құқықтық сауатын арттыру, сыбайлас жемқорлықтың зиянын түсіндіру және адалдық, әділдік, жауапкершілік қағидаларын дәріптеу арқылы жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Іс-шарада «Адалдықты таңда!» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, Абай Құнанбайұлының қара сөздері, Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармалары, «Ар және заң» жинағы және құқықтық бағыттағы әдебиеттер таныстырылды. Қатысушыларға библиографиялық шолу жасалып, шығармалардың тәрбиелік мәні түсіндірілді.

Кездесуде танымдық сұрақтар қойылып, сыбайлас жемқорлықтың зардаптары мен оның алдын алу жолдары туралы бейнероликтер көрсетілді. Пікірталаста адал еңбек пен таза

ниеттің ел дамуының басты кепілі екені айтылды.

Іс-шара соңында кітапхана мамандары адалдықтың қоғамның рухани тірегі екенін атап өтіп, заңға құрметпен қарау мен әділдік қағидаларын өмірлік ұстанымға айналдырудың маңыздылығына тоқталды. Қатысушылар мұндай кездесулердің жастардың құқықтық мәдениеті мен азаматтық көзқарасын қалыптастырудағы рөлін жоғары бағалады. Осындай тағылымды іс-шаралар кітапхананың білім мен руханият ордасы ғана емес, сонымен бірге адалдық пен парасаттылықты насихаттайтын маңызды мәдени-ағартушылық орталық екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Жанар НИЯРОВА,
№4 қалалық кітапхананың
кітапханашысы,
Ақсай қаласы,
Бөрлі ауданы

ҚҰРМЕТТІ АҚ ЖАЙЫҚ Өңірінің Құрылысшылары мен Мамандары Және Сала Ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Құрылысшылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Құрылысшы мамандығы – ғасырлармен бірге жасасып келе жатқан ең жауапты және аса қадірлі кәсіптің бірі. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында заманауи тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар, өндіріс орындары мен мәдениет ошақтары салынып, халқымыз игілігіне пайдалануда.

Осынау мерекеде сіздерге зор денсаулық, еңбектеріңізге жеміс, отбасыларыңызға бақыт пен береке тілеймін.

Еңбектеріңіз әрдайым жемісті болып, абыройларыңыз арта берсін. Құрылысшылар күні құтты болсын!

Ігі тілекпен:
Владимир САМСОНОВ,
«Орал кеме жөндеу зауыты» ЖШС-ның
бас директоры

Мерекелеріңізбен, жасампаз мамандық иелері!



Елімізде тамыз айының екінші жексенбісі Құрылысшылар күні атап өтіледі. Осы орайда Қазақстанның құрметті құрылысшысы, БҚО ақсақалдар кеңесінің төрағасы Қайреден Жақсығұловтың әуелі өмір жолына тоқталып, сосын өзінің өтінішіне орай, құрылысшыларға арналған құттықтауын жариялап отырмыз.

Қайреден Қадырғалиұлы 1952 жылы Тасқала ауданының Аққүтір ауылында көпбалалы отбасында дүниеге келіпті. 1971 жылы әскерге алынып, Ресейдің Қиыр Шығысы Чита қаласындағы халық ауызекі «стройбат» атаған сарбаздар сапында әскери ғимараттарды, нысандарды салуға қатысқан. 1977 жылы білімін шыңдау үшін Орал құрылыс техникумын бітіреді. Өзі туып-өскен Тасқала аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінде жұмыс істеп, ауданға қарасты елді мекендердің құрылысында болды.

Кейін қалаға жолдама алып, «Уральск-сельстрой» тресінде инженер қызметін атқарған. Тұрғын үйдің су, жылу жүйелерінің күрделі құрылыс жұмыстарын жүргізген. Орал ауыл шаруашылығы совхоз техникумының ғимаратын салысты. 1986-1991 жыл аралығындағы бес жылға жоспарланған «Тұрғын үй – 91» бағдарламасына қатысып, ғимаратты мезгілінен бұрын салып бітіріп, сол кездегі техникалық талапқа сай етіп тапсырған. Қайреден Қадырғалиұлының сөзінше, ол кезде құрылыс материалдары жетіспей, оларды Ресейдің түкпір-түкпірінен алууды ұйымдастырған. Сондай-ақ Круглоозерныйда «Құрылысшы» мекемесінде ұйымдастырушы, құралтайшы болып жұмыс істеген. Ақсақал бүгінде үлкен жауапкершілікті арқалап жүрген мамандық иелерін айтулы мерекемен құттықтады.

– Жасампаз мамандық иелері – Құрылысшылардың кәсіби мерекесі құтты болсын! Соңғы кезде өлкемізде құрылыс нысандары, ғимараттар, инженерлік құрылымдарды салу, күрделі жөндеу жұмы-

сы қарқынды жүріп жатқаны бәрімізге аян. Осыдан екі жыл бұрын тілсіз жау – су тасқынының салдарын жою үшін тұрғын үй, өзен жағалауларын бекітіп, құрылысшылар уақытпен санаспай еңбектеніп, халықтың ықыласына бөленген еді. Төрт ірі теміржол бекеттері қайта өңделіп, тұрғындардың игілігіне берілді. Құрылысшылар бір жылға келген жерге – өмір мен сәнді ғимараттар келеді. Мәңгілік өмір келеді» дейді дана халқымыз. Бұл бағытта облыс басшысы Нариман Төреғалиев бастаған атқарушы билік қаржы көзін тауып, білікті жұмыс ұйымдастыруда. Ұзағынан сүйіндірсін!

Кәсіби мереке құтты болсын! Денсаулықтарыңыз мықты, өмірлеріңіз мәнді-сәнді, жұмыстарыңыз табысты, жанұяларыңызға амандық тілеймін. Еліміз аман, егемендігіміз мәңгі болып, Қазақстан елі көркейіп, жайнай берсін! – деді ардагер құрылысшы.

Перизат ТІЛЕГЕНҚЫЗЫ,
«Орал өңірі»

